ӘЛНАЗАРОВА АРЗАНДАТТЫ

Сарқылмасын Сыр - Ана!

Ақмешіт ақшамы

№33 (1736) 15 тамыз 2024 жыл Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW Qaa.kz qaa.kz Ақмешіт Ақшамы Газеті

АХАТОВТЫҢ ҚЫСЫ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?..

Өткен аптаның бейсенбісі күні қала әкімдігінің мәжіліс залында шаһар басшысы Нұржан Ахатовтың төрағалығымен аппарат жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде екі мәселе қаралды. Алғашқы мәселе жылу беру маусымына дайындық барысы. Бұл бойынша қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Әбсұлтанов Мұрат баяндама жасады.

- Қызылорда қаласы бойынша қала әкімінің ағымдағы жылдың өкіміне сәйкес 2024-2025 жылдарға жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын ұйымдастыру жөнінде қалалық штаб құрылып, дайындық жұмыстары басталды. Бүгінгі таңда қала бойынша барлығы 1200 көппәтерлі тұрғын үйдің 808 «Қызылордажылуэлектрорталығы» арқылы жылуға қосылған, оның ішінде 577 орталықтандырылған жылу жүйесіне, 231 үй автономдық блокты модульдік қазандықтар арқылы жылытылады. Жылу беру маусымына дайындық жүргізу мақсатында жылумен қамту нысандарын қайта жаңғыртуға облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы тарапынан республикалық бюджетке өтінім ұсынылып, Жалпы 11,7 млрд. теңге қаржы құрайтын 9 жобаға тиісті қаржысы бөлініп қайта жаңғырту жұмыстары қарқынды жүруде. Нәтижесінде қаладағы жылу желілерінің тозу деңгейін 45 пайыздан 42 пайызға дейін төмендететін боламыз.

АҚИҚАТЫН АЙТЫПТЫ...

Әкім болып тағайындалғанына бір ай болмаған қала әкімі Нұржан Ахатов таңның атысы күннің батысы қаладағы қызу жұмыстарды қарап, бақылап жүргенін ел байқап отыр.

Қалаға қарасты «Сабалақ» саяжайының қала аумағына енгеніне 3-4 жылға жуықтады. Қала әкімі лауазымына жақында тағайындалған Нұржан Ахатов бірнеше күн бұрын тиісті сала басшылармен бірге «Сабалақ» саяжайына барып, ондағы тұрғындармен кездесті. Сабалақтағылардың айтуынша ауыз суға қол жеткізе алмай, құдық суын ішуге мәжбүр. Саяжай тұрғындары сары судың кесірінен түрлі ауруға шалдығып жатқандарын айтып шағымданды. Бұған дейін кездесуде басшылар мәселенің шешілетінін айтып келе жатқанымен еш нәтиже болмаған

- Су жоқ. Бақшамызды суаратын аяқ суды ішіп жүрміз. Күндіз де, түнде де ақпайды су. Күнде таңертең скважинаның басына барып тексеремін. Қысымы 1-ден аспайтын скважинаны әкім келеді деп мамандар бірден 8-ге көтеріп қойыпты. Бұл не деген көзбоушылық?,- дейді саяжай тұрғыны Гүлсәнім Әукенова.

Тұрғындар су тапшылығын жауапты мамандар қолдан жасап отыр деп аландайды. Сол себепті жақында тағайындалған қала әкімі Нұржан Ахатовты шақырған.

Шаһар басшысы халықтың мұң-мұқтажын тыңдап болғаннан кейін өзінің ойын айтты.

- Зерттеп жатырмын. Суды бірден ағызатын «»әулие» емеспін. Ауыз су бір үйде ағып тұрса, екінші үйде ақпай тұр. Тиісті мамандармен скважинаның басына да бардық. Қажеттілік болатын болса тағы бір скважина қосамыз, немесе күшейтеміз. Осыған байланысты тиісті мамандармен бірлесіп шешім қабылдаймыз.,-деді ол.

Расында да Ахатов ақиқатын айтыпты. Әкім деген әулие емес екені шын. Әкімдердің қолынан келсін, келмесін істейміз деп, болатын, болмайтынына қарамастан болдырамыз деп, соңында оның бәрі айтқан құр сөз болып қалып, өтірікке алданған елдің билікке деген сенімін әлсіреткен талай кездері келмеске кетті.

Бүгінгі жұртқа құр уәде беретін «әулие» әкімнен гөрі мәселені анықтап, зерттеп болатынын болады, болмайтынын болмайды деп айтатын заңгер-экономист, инженер - құрылысшы әкім керек.

Ахатов қалай айтса да , ел қалай қабылдағанда да жалпы әкім деген әулие емес...

P.S Қазір қала бойынша ауыз суды тиімді пайдалануды қадағалау, су пайдалану ережелерін бұзу және бақшаларды заңсыз суару фактілерін анықтау мақсатында рейдтік іс-шаралар жүргізілуде. Бұл қадам ауыз су беру жүйесіне түсетін жүктемені төмендетуге және соның салдарынан туындайтын мәселелерді болдырмауға, сумен жабдықтау желілеріндегі қысымды тұрақтандыруға мүмкіндік береді. "Сабалақ" саяжайына рейд барысында ауыз су тұтынушыларының басым бөлігінде су есептегіш құралдарының істен шыққаны анықталды. Соның негізінде тұрғындар ауыз суды есепсіз пайдаланып, бақшаларды суарып келген деректері тіркелді. Бұл құқық бұзушылықтар 3 күн мерзім ішінде жойылмаған жағдайда, су пайдаланушыға тиісті шара көріледі. Ал, ауыз судың болмау дерегі анықталған үйлер бойынша сала мамандары ақаудың туындау себебін зерделеуде.

Жасыл желектерді және бақшаларды ауыз сумен суаруға тыйым салынады. Сондай-ақ, су есептегіш құралдарының пайдалану мерзімі өткен жағдайда ауыстыру қажет. Егер де, су есептегіш құралы істен шыққан немесе пломбасы үзілген жағдайда тұтынушы сала мамандарын хабардар етуі тиіс.

Атап өткен жөн, жүргізілген тексеру жұмыстарымен 17 заң бұзушылық анықталып, қайта есептемелер берілді. Жалпы, Сабалақ саяжайындағы ұңғымадан тәулігіне үздіксіз, жеткілікті деңгейде 1300 текше метр ауыз су беріліп отыр.- дейді ресми орындардан жеткен ақпарат.

2 бетте

БІР БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУ ҚАНША ТҰРАДЫ?

Көзді ашып-жұмғанша жаңа оқу жылына бір айдан аз уақыт қалды. Осы сәттен-ақ ата-ананың ойлап, бар бас қатыратыны – бала-шағасын қуантып, мектепке жаңа құрал-жабдықтар мен мұнтаздай етіп киім алып беру. Иә, қыркүйек айы осы мектепке баратын оқушылармен қызық емес пе? Алабұртқан баланың жүзінен қуаныш, мектепке деген сағыныш, оқуға деген ынта, жаңа мұғаліммен танысуға асыққан оқушылардың болмысы ойымызға түрлі естеліктер алып келеді.

Оқу жылы жақындағаннан-ақ базарда мектепке дайындық басталып кетеді. Балаларын қолынан жетектеген ата-ананың баратын жері тек базар екені анық. Қалтасындағы қаражаты жеткенше ата-аналар базардың әр бутигіне барып саудаласуда. Өйткені қымбатшылық қалта қағып, жұрттың көзін ақша байлап барады. Біз де базар бағасын бағамдап көрдік.

Жалпы, бір баланы мектепке дайындау қанша тұрады? Оқу жылына ерте қамданатын базар сатушылары таңертеңімен сауда орындарын ашып қояды. Себебі ат арылтып, алыс ауыл-аймақтардан ерте келетін жандардың барын біледі. Қазіргі таңда базарлар жаңарып, сөрелері сан түрлі мектеп формаларына толған, іздегеніңді табасың. Оның үстіне сауда нүктелерінің саны артқан деуге болады. Қалтаңыздағы қаражатқа қарай көсіліп, таңдап ала бересіз. Қыз бен ер балаға арналған мектеп формалары бірдей ақшаға шығады десек те болады. Өйткені қыздарға арналған ақ жейденің бағасының ең арзаны 5500 теңгеден басталады. Оның өзінде саудагермен жақсылап саудаласуды білген жөн. Ал юбканың орташа бағасы 5000 теңгеден сатылымда тұр. Ер баланың костюм-шалбары 10 мың теңгеден бастап, әрі қарай шамаңызға қарай барлық бағада табылады. Спорт киімдерінің де бағасы шарықтап кеткен, сапасынан жаңылыспай таңдап алсаңыз болғаны. Жыл сайын мектеп формаларына өзгерістер еніп, жаңа форма үлгілері шығуда. Оның дизайны мен түсін таңдайтын мектеп басшылығы барлық оқушыларға киюге міндеттейді. Ал әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың шама-шарқы бұған жете бермейді. Жыл сайын өзгертілетін мектеп формаларын тігетін тігін шеберханалары қызметкерлерінің де ашуын осы түйткіл туғызуда.

7 бетте

СПОРТШЫЛАР СЕНІМДІ АҚТАДЫ МА?...

Төрткүл дүние көз тіккен жазғы Олимпиада ойындары өз мәресіне жетті. Үздіктердің үздігі болып АҚШ құрамасы көш басын бастап тұр. Олардың еншілерінде 40 алтын, 44 күміс, 42 қола жүлде бар. Екінші орында тұрған Қытай құрамасының қоржынында 40 алтын 27 күміс, 24 қола медаль бар. Жапония құрамасы үштікті түйіндейді деп ешкім де ойлаған жоқ. Оларда 20 алтын, 12 күміс, 13 қола медаль бар. Олимпиада ойындарына қатысқан 206 елдердің арасынан Қазақстан құрамасы 43-і орынға табан тіреді. Қоржынымызда 1 алтын, 3 күміс, 3 қола медаль.

Соңғы апталарда Қазақстан қоржынына бірнеше медаль қосылды. Грек-рим күресі мен бокс түрінен спортшыларымыз жемісті нәтиже көрсетіп, жүлдегер қатарынан көрінді. Күрес түрлерінен Елдос Сметов бастаған жеңісті жолды Демеу Жадыраев жалғады. Қазақтың грек-рим күресінің палуаны Олимпиада ойындарында күміс медаль иегері атанды. 77 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде финалда ол жапондық Нао Кусакомен жекпе-жекке шығып, 2:5 есебімен ұтылды. Финалға дейін Жадыраев колумбиялық Хаир Куэроны айқын басымдықпен жеңсе, одан кейін екі дүркін әлем чемпионы, қырғызстандық Ақжол Махмудовты ұтып, ал жартылай финалда әзірбайжандық Санан Сулейкановтан басым түскен болатын. Жадыраевтың финалдағы қарсыласы Нао Кусака бұған дейін өткен жылғы әлем чемпионатының қола жүлдегері және биыл Азия чемпионы атанған. Финалдағы жеңіс оны Олимпиада чемпионы етті.

Байрақты бәсекеде бокстан жүлдегерлер де шықты. Олар – Нұрбек Оралбай, Назым Қызайбай.

Бокстан 80 келіге дейінгі салмақта бақ сынаған қазақ боксшысы Нұрбек Оралбай Париж Олимпиадасының күміс жүлдегері атанды. Ол финалдық кезеңде украиналық Александр Хижняктан жеңіліп, күміс медальді еншіледі. Қос мықтының тартысын күні бұрын болжаған жанкүйерлер сайыстың оңайға соқпайтынын білді.

5 бетте

Қазақстанда МРТ және компьютерлік томография арзандайды

Денсаулық сақтау министрлігі ТМККК және МӘМС аясындағы медициналық қызметтер тарифін қайта қараған.

Ресми дерек көздерінің ақпараты бойынша 1 қыркүйектен бастап компьютерлік томография мен магнитті-резонансты томография бағасы жаңа тариф бойынша есептеледі. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығының жобасы бар көрінеді.

Жаңа тарифтер аса сұранысқа ие клиникалық-диагностикалық қызметтер тізбесіне сай белгіленген және олар міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру және тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында қолданылады.

Егер бұған дейін мойынның, кеуде ағзаларының, сүйек-буын жүйесінің және өзге де ағзалардың компьютерлік томографиясы 9622 теңге болса, енді оның бағасы 7976 теңге болады. Сондай-ақ, 29 955 теңге тұратын компьютерлік томография 24-25 мың теңге аралығына дейін төмендейді екен.

Магнитті-резонансты томография да белгілі бір деңгейде мәселен 12 247 теңгеден 8750 теңгеге және 34 735 теңгеден 29 605 теңгеге арзандайды.

Бұл тарифтер биылғы 1 қыркүйектен бастап қолданылады.

ҚАРПЫҒАНЫН ТҮГЕЛ ҚАЙТАРДЫ МА?

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің баспасөз қызметі Қайрат Сатыбалдыұлының ісі бойынша мемлекетке қайтарылған активтің жалпы сомасы 732,8 млрд теңгені құрайды деп отыр.

Баспасөз қызметі дерегі бойынша: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен Қайрат Сатыбалдыұлына қатысты «Қазақтелеком» АҚ, «Көлік сервис орталығы» АҚ қаражатын аса ірі мөлшерде жымқыру, қылмыстық жолмен алынған ақшаны және өзге де мүлікті заңдастыру (жылыстату), сондай-ақ оның бақылауындағы компанияның кедендік баждарды төлеуден жалтару фактілері бойынша қылмыстық істер тергелген.

Тергеу барысында Қайрат Сатыбалдыұлы өз кінәсін толық мойындап, залалды толық көлемде өтеген, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеуге және қылмыстық жолмен алынған мүлікті ашуға ықпал еткен.

2022 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Қайрат Сатыбалдыұлы және онымен байланысты тұлғалардан мемлекетке заңсыз сатып алынған 732,8 млрд. теңге немесе 1,6 млрд. АҚШ долларынан астам сомаға мүліктік активтер мен ақшалай қаражат қайтарылды.

Оның ішінде 661,5 млн. АҚШ доллары шетелде табылды, олар қысқа мерзімде Қазақстанға қайтарылды, оның ішінде Қайрат Сатыбалдыұлымен белсенді ынтымақтастық нәтижесінде Австрия, Лихтенштейн, БАӘ, Түркия және тағы басқа елдерден қайтарылды.

Қайтарылған активтерге әкімшілік ғимараттар, эксклюзивті зергерлік бұйымдар, люкс үйлер, пәтерлер мен автомобильдер, акциялар мен компаниялардың үлестері, теміржол жолдары мен ақша қаражаттары кіреді, соның ішінде шетелдіктер де бар.

Қайрат Сатыбалдыұлына қатысты қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында қайтарылған активтердің жалпы сомасы 732,8 млрд. теңгені құрайды, олардың ішінде:

«Қазақтелеком» АҚ акцияларының 28,8% – 93,8 млрд. теңге;
«КСО» АҚ – 30,2 млрд. теңге;
4 компаниядағы қатысу үлесі – 10,3 млрд. теңге;
Қазақстандағы мүліктік активтер – 158,5 млрд. теңге;
Эксклюзивті зергерлік бұйымдар – 105,39 млрд. теңге; (230 млн доллар)
Қазақстандық шоттардағы ақша – 36,8 млрд. теңге;
Австриядан келген ақша – 36,8 млрд. теңге (82,1 млн. доллар);
Лихтенштейннен түскен ақша – 116,7 млрд. теңге (260,5 млн. доллар);
БАӘ-нен келген ақша – 6,3 млрд. теңге (14 млн. доллар);
Түркиядан келген ақша – 2,2 млрд. теңге (4,92 млн. доллар);
Бағалы қағаздарды сату – 135,8 млрд. теңге (300 млн. доллар).

Мәселен, құны 158 млрд. теңгеден асатын 115 қазақстандық объект мемлекеттік меншікке берілді, оның ішінде 73 жылжымайтын мүлік объектісі (13 үй, 10 ғимарат, 13 жер учаскесі, 4 пәтер, 3 ғимарат, қосымша салынған 2 медресе ғимараты, 2 тұрақ орны, 25 үй-жай, 1 аяқталмаған құрылыс объектісі), 37 жылжымалы мүлік объектісі (29 автомашина, 5 арнайы техника, 3 квадроцикл) және өзге де мүлік.

Мүліктің бір бөлігі оның жақын туыстарына, аффилиирленген тұлғаларына және бақылаудағы компанияларға рәсімделген.

Астана және Алматы қалаларында мемлекетке берілген әкімшілік ғимараттардың жалпы ауданы 180 мың шаршы метрден асады. Бұрын бұл активтер жалға беріліп, жыл сайын меншік иесіне миллиардтаған табыс әкелген, оны қазір мемлекет алушы болып табылады. Люкс нысандарының бірі Ақмола облысының Барап ауылында жалпы ауданы 1,5 мың шаршы метр, жер учаскесі 135 гектар бұрынғы Қайрат Сатыбалдыұлы резиденциясы Астана қаласының білім басқармасына берілді.

ҚАЙРАТ БОРАНБАЕВ БӘРІН БЕРДІ МЕ?

Биылғы жылдың тамыз айындағы мәлімет бойынша Назарбаевтың бұрынғы құдасы, сотталған олигарх Қайрат Боранбаев мұнай компаниясын мемлекетке берген.

Қазақстан қор биржасы KASE иелері қатарында Боранбаев бар Phystech II компаниясы акционерлерінің тізілімінен үзінді жариялапты.

Құжатта 1 шілдедегі жағдай бойынша Phystech II АҚ-ның жалғыз акционері Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті екені көрсетілген.

KASE-те компанияның 13 749 100 акциясы орналастырылған, оны акционерлер өткен жылы «ерікті түрде және тегін» мемлекетке өткізген, бірақ құжаттарды соңына дейін рәсімдемеген.

Phystech II Маңғыстау облысындағы Солтүстік Қаражанбас кен орнында мұнай өндіреді, компания құны 35,5 млрд теңгеге бағаланған.

Сондай – ақ, бұған дейін Боранбаев мемлекетке өз еркімен тапсырған мүлік пен шоттағы ақшасы да хабарланған.

Қаржы мониторингі агенттігінің мәліметінше, Қайрат Боранбаев мемлекетке өз еркімен.

Алматыдағы «Алмалы» сауда ойын-сауық орталығының ғимаратын;

мүлікті жалға беру және басқарумен айналысатын «Unity Hall» ЖШС-ын, бұл нысандар 33,75 миллиард теңгеге бағаланған.

Алматы, Астана және Қарағанды қалаларындағы Fitnationфитнес-клуб желісін;

құны 1,4 миллиард теңге болатын Comfort Hotel Astana қонақ үй кешенін;

2,6 миллион тонна мұнай және 13,2 миллион текше метр газ қорына ие «Қаражанбас Северный» кен орнын – құны 35,4 миллиард теңге;

«Азия Газ Чунджа» газ тарату компаниясын – құны 14 миллиард теңге;

«ҚазҚұбырЖөндеу Сервистік Орталығы» ЖШС мұнай-газ жабдықтарын өндіру және жөндеу зауытын – құны 9 миллиард теңгеден астам мемлекетке қайтарған.

Назарбаевтың бұрынғы құдасының мемлекетке қайтарылған мүлкі 123,5 миллиардтан астам теңгеге бағаланып отыр екен.

Сондай-ақ ол Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына 66 млн доллардан астам, яғни 30 миллиард теңгеден астам қаражат аударған.

Бұлардан бөлек, 2023 жылдың наурыз айында сот шешімімен кәсіпкерден мемлекет пайдасына

құны 686 миллион теңге болатын Алматы қаласындағы Әл-Фараби, 77/7-1 мекенжайындағы коммерциялық үй-жай жер телімімен қоса алғанда,

«Халық банк» шотындағы 1,27 миллиард теңге қаражат,

«Халық банктегі» түрлі шоттардағы 7 миллион доллардан астам қаражат тәркіленген.

2022 жылдың сәуірінде ол қамауға алынғаннан кейін бір айдан соң Боранбаевтың бақылауындағы ақылы автотұрақтар Алматы әкімдігіне қайтарылды. Бұл «Алматы СпецТехПаркинг сервис» ЖШС-ның 70%-ін және «Alan Parking» ЖШС-ның 100%-ын құрайды.

АХАТОВТЫҢ ҚЫСЫ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?..

Кәсіпорынның негізгі отын қоры табиғи газ. Қазіргі таңда резервтік мазут отынының қалдығы 4761 тоннаны құрайды. Қазіргі уақытта «KHAS COM» жеке кәсіпкерінде 12 000 тонна көмір қоры бар, сатылу бағасы 19 500 теңге. «KHAS COM» жеке кәсіпкеріне ағымдағы жылдың қыркүйек айына Биржа арқылы 125 вагон 8 625 тонна «Шұбаркөл» көміріне тапсырыс берілді. Қала әкімдігі тарапынан көмір отынының тапшылығын болдырмау мақсатында тұрақты түрде қадағалау жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар облыстық білім басқармасының, Қызылорда қаласы бойынша білім бөліміне қарасты 9 мектеп (№172, 257, 271, 143, 268, 138, 280, 178, 179 мектептері) және 9 (Бегім ана, Ер Төстік, Сыр Шуағы, Сыр Жұлдызы, Сыр Бөбегі, Нұрбесік, Заңғар, Айыл Ай, Сыр Самалы,) балабақшаларының бу қазандықтары бойынша сұйық (дизель) отыннан, сұйытылған отынға (газ) алмастыру жұмыстары бүгінгі күнге дейін орындалмаған. Бюджет қаражатын үнемдеу мақсатында аталған нысандарды газ отынына ауыстыруға жоба сметалық құжатын әзірлеп мемлекеттік сараптамадан өткізуді ұсынамыз. Бүгінгі күні құрылған жұмысшы топ бекітілген іс-шара жоспарына сәйкес тиісті жұмыстарын қарқынды жүргізуде. Қаламыздың көп қабатты тұрғын үйлерден орын алған проблемалық мәселелерді сала мамандарымен бірлесіп шешетін боламыз,- деді бөлім басшысы.

Баяндамадан соң қала әкімі Нұржан Ахатов:

- Біз жылу беру маусымына дайындықты ерте бастан жасауымыз қажет. Сол себепті мәселені жедел қарап, тиісті тапсырмалар берудеміз. Қыстың қамын жазда ойла деген бар, қазір басталмаған жұмыс жылу беру маусымы қарсаңында тұрғындарды толғандырмауы тиіс. Барлық жұмыс сапалы, әрі уақытылы аяқталуы қажет. Жылдағы кемшіліктердің қайталанбауын жауапты сала басшыларына қатаң тапсырамын. Бұған барлық резервті жұмылдырыңыздар, – деді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе салық базасын ұлғайту туралы. Бұл туралы қалалық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Фердауиси Қожабергенов баяндама жасады.

- Бүгінгі күні басқа өңірлерден Қызылорда қаласына салық төлеуші ретінде 20 заңды тұлға тіркелді. Жергілікті бюджетке 39,1 млн. теңге салық түсіп, жыл соңына дейін шамамен 196,3 млн. теңге түсім күтілуде. Сонымен қатар басқа өңірлерден келіп, Қызылорда қаласына 27 кәсіпкер тіркелді. Бюджетке төленген салығы 6,7 млн.теңгені құрайды. Жыл соңына дейін 17,5 млн.теңге көлемінде түсім күтіледі. Жалпы салық төлеушілердің соңғы жылдардағы өзге өңірлерге көшуінің негізгі себептерін зерделеу барысында олардың елеулі бөлігінде бірнеше кәсіпорынға бір құрылтайшы, ал жекелеген жағдайларда бір жеке тұлғаныңы ондаған заңды тұлғаны құрып, аз ғана уақыт ішінде негізінен құрылыс-монтаж жұмыстары немесе жоба сметалық қызмет түрлеріне лицензия алып, одан кейін ол кәсіпорындарды сатумен айналысқандығы байқалады. Тиісінше дайын лицензиясы бар кәсіпорынды сатып алған тұлға өзінің орналасқан аймағына есепке қойғандығы себепті Қызылорда қаласынан ресми түрде көшуіне негіз болған. 2024 жылға үлесі 54 құрап отыр.

Салық базасын ұлғайту мақсатында мемлекеттік сатып алу бойынша мердігерлердің жоба-сметалық құжатында көрсетілген жұмысшылардың еңбекақы қорының толық төленуіне және электронды шот фактура және басқа да салық есептілігіндегі мәліметтеріне жүргізілген камералдық бақылау жұмыстары нәтижесімен жыл басынан бері жергілікті бюджетке қосымша жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша 377,5 млн. теңге, корпоративтік табыс салығынан және 291 заңды тұлғадан 680,5 млн. теңге өндірілді,-деді ол.

- Қаламыздағы ірі мұнай компанияларына қызмет көрсетуші кәсіпкерлердің басым бөлігі өзге өңірлерде тіркелген. Оларды жергілікті бюджетке салық төлеуші ретінде тіркету үшін тиісті жұмыстарды жүргізу қажет деп санаймын, - деді шаһар басшысы.

Жиын соңында көтерілген мәселелерден туындайтын өзге де тақырыптар бойынша талқылаулар өтіп, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктелді.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ОРТАҚ МІНДЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңесте«Сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу – біздің саясатымыздағы негізгі басымдықтың бірі. Заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек» деп атап өтті. Сондықтан қоғам дерті болған сыбайлас жемқорлықпен күрес күн тәртібінен түспейді.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың әрекеті ретінде жетістіктерді жоққа шығаратыны, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы қоғам дертімен күресу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны айқын.

Әрбір қоғам дамуының күнгей жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүреді. Елдің әлеуметтік хал-ахуалы жақсарып, экономикалық даму деңгейі өсті. Осы ретте алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту – күн тәртібіндегі мәселе.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңының басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың жолын кесу және болдырмау. Осы заңмен мемлекеттік міндет атқаратын және де оларға теңестірілген тұлғалардың өз лауазымдық өкілеттігін, мүмкіндіктерін пайдалану сыбайлас жемқорлық деп анықталған.

Жемқорлықпен күрес барысында оны туғызатын әлеуметтік-экономикалық жағдайларды барынша азайту қажет. Сыбайластыққа қарсы әрекет ету оның көріністерімен курес жүргізумен аяқталмайтынын ұғыну аса маңызды. Мұндай күрес қашанда қоғам мен мемлекет өмірінің барлық жақтарын реттеп отырумен тығыз байланысты.

Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке дара қарау мүмкін емес. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары әлеуметтік тұрғыдан пайда болғандықтан, оны болдырмау мен алдын алуды барлық мемлекеттік органдар қамтамасыз етуі қажет. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық қоғам үшін ортақ міндет.

Берік СӘРМЕНБАЕВ
Сырдария ауданының әкімі

ӘРҚАЙСЫМЫЗДЫҢ АЗАМАТТЫҚ БОРЫШЫМЫЗ...

Әрбір қоғамның дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалып жатқан кезде алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады. Осы орайда Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің барлығын қатты алаңдататыны айқын.Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стретегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті.Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол жеке адамның жай ғана сыбайлас жемқорлыққа төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады. Мекеме қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары үнемі бақылауға алынған. Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұдан да биік дәрежеге көтерілетіні хақ. Жалпы, кез-келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран ете білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны анық.

Ғ.АЛДАНАЗАРОВ
Сырдария ауданы, Асқар Тоқмағанбетов ауылдық округінің әкімі

БАСТАУЫШ СЫНЫП-БІЛІМ НЕГІЗІНІҢ АЛҒАШҚЫ БАСПАЛДАҒЫ

Бастауыш мектеп-оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс.

Бастауыш мектеп балаға білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу,қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Оқушыларға білім жүйесін терең әрі тиянақты беру үшін оқыту әдісін жетілдіру-әр ұстаздың жеке міндеті. Оқушылардың сабақтағы қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастырудың жолдары сан алуан.Біздің міндетіміз – оқушыларға білім беруде жаңа технологиялар мен жаңаша оқыту әдістерін тиімді қолдану, білім сапасын көтеру, жан-жақты дамыту.

Бастауыш сыныптағы оқу дағдысы білім берудегі маңызды көрсеткіш болып саналады. Бастауыш сыныптан жоғарғы сыныпқа көшу басқа пәндік материалды «оқуды үйренуден» «үйрену үшін оқуға» ауысуды білдіреді. Бастауыш сыныпты меңгеру де оқушының кейінгі оқудағы табысының көрсеткіші болып табылады. Бастауыш сыныптағы оқу дағдысы оқушының академиялық мансабындағы маңызды көрсеткіш ретінде бағаланды. Елімізде соңғы жылдары бастауыш сынып оқушыларының нәтижелері бойынша жалпы оң нәтижелер көрсетілді.Оқушылар математика мен оқуда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізген және бұл жетістіктер жыл санап өсіп келе жатқанын байқауға болады. Мақсаты айқын және жақсы құрылған оқу бағдарламасының арқасында біз тамаша көрсеткіштерге қол жеткізіп отырмыз. Елімізде бұл көрсеткіш тек геометриялық прогрессияда өсу үшін бастауш сынып мұғалімдеріне үлкен міндет жүктелген.

Сыныпта мұғалімнің ең үлкен міндеті – үміт ұялату. Үміт сезімін оятып, болашаққа жоспар құрса, оқушылар мектепте жетістікке жету үшін мотивация таба алады және жақсы оқу перспективаларын жақсарту үшін жұмыс істей алады. Өзара түсіністік пен сыйластықты нығайту басты мәселе, ал оқушылармен шынайы болу өте маңызды тұс. Шынайы болу арқылы өзара түсіністікке келеді және ортада сыйластық пайда болады.Бастауыш сынып мұғалімдері балаларға қоғамның идеалды мүшесі болу үшін қажетті зияткерлік және әлеуметтік дағдыларды дамытуға көмектеседі.Біз бастауыш сынып мұғалімдерді сабақ жоспарлары мен ресурстарды құрамыз және оқушылармен қарым-қатынас орнатып, оқу ресурстарымызды ұйымдастыра отырып сыныпта жағымды оқу ортасын құру арқылы оқуды жеңілдетеміз.Біздің рөліміз - балалардың жасына, қабілетіне және бейімділігіне сәйкес оңтайлы дамуына мүмкіндік беретін тиісті дағдылар мен әлеуметтік қабілеттерді дамыту және тәрбиелеу.Балалардың түсініктерін тереңдетуге/өздерін дамытуға шабыттандырамыз. Бастауыш сынып мұғалімі ретінде біздің мақсатымыз - балаларды ынталандыру және олардың үйренуіне көмектесу үшін ресурстарды барынша пайдалану. Біз олардың жетістіктерін қорытындылай отырып, олардың әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын дамытатын қауіпсіз ортаны қамтамасыз етеміз.

Қорыта келе айтарымыз,білім беру жүйесінің ең маңызды да күрделі сатысы – бастауыш сынып, сондықтан осы жаңа технологияларды пайдалана отырып, бастауыш сыныптарда білім сапасын көтеру білімнің басты негізі болып табылады.

ЕНСЕБАЕВА ГУЛЬЖАН УРЛЕШЕВНА
Қызылорда облысы,Сырдария ауданы, Шаған ауылы
37 мектеп -лицейі
бастауыш сынып мұғалімі

СЕНІМГЕ ҚИЯНАТ ЖАСАҒАН

Арал аудандық сотында Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 190-бабының 1-бөлігімен айыпталған С-ның қылмыстық ісі қаралып, айыптау үкімі шығарылды.

Сотта анықталғандай, С. жәбірленуші К-ның сеніміне кіріп, арзан бағада «Borjomi» минералды суын алып беремін деп алдап, 2 057 500 теңгесін алаяқтық жолмен иемденіп алып, оны өзінің жеке бас пайдасына жаратып, жәбірленушіге материалдық зиян келтірген.

Сотталушының қылмыстық әрекеті іс құжаттарымен және сотта өзінің айыбын мойындап берген жауабымен толық дәлелденген.

Қылмыстық заңнамаға сәйкес, бұл қылмыстық әрекет онша ауыр емес қылмыстар санатына жатады.

Сот үкімімен С. Қазақстан Республикасының ҚК-нің 190-бабы 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, мүлкін тәркілеусіз 1 жыл бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалып, сол мерзімге пробациялық бақылау белгіленген. Сондай-ақ, қылмыспен келтірілген шығын жәбірленушінің пайдасына өндірілген.

Үкім заңды күшіне енбеген.

МАСАҢ КҮЙДЕ КӨЛІК БАСҚАРДЫ

Арал аудандық сотында Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 608-бабының 1-бөлігімен Арал аудандық көпбейінді орталық ауруханасының жүргізушісіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Іс құжаттарына сай, азамат Ф. сағат 07:50 шамасында өз басқаруындағы «L» маркалы көлік құралын алкогольдік масаң күйде тізгіндеген.

Сот отырысында оның құқық бұзушылық әрекеті, өзінің кінәсін мойындаған жауабымен, сондай-ақ сотта зерттелген іс құжаттарымен толық дәлелденген**.** Медициналық куәландырудың қорытындысына сәйкес, жүргізуші жеңіл дәрежелі алкогольді еліту күйінде болған.

Сот қаулысымен Ф. жасаған құқық бұзушылығы үшін кінәлі деп танылып, оған 15 тәулікке әкімшілік қамаққа алу жазасы және 7 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыру түріндегі әкімшілік жаза тағайындалған.

Қаулы заңды күшіне енбеген.

Арал аудандық соты

КОЛЛЕДЖДЕРДІҢ ГРАНТЫ КӨБЕЙДІ

Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі хабарлауынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алуға 145 мың грант бөлінді.

Биылғы жаңа оқу жылында колледждерде көбейген мемлекеттік білім беру тапсырысы 145 мың орын. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 12 мың орынға көп екен.

Мемлекеттік тапсырыстың 65% машина жасау, көлік, энергетика, IT, құрылыс және инженерия секілді техникалық мамандықтарға бағытталған.

Сондай-ақ колледждерге талапкерлерді кәсіпорындардың өтінімдері бойынша жұмысқа орналастыру міндеттемесімен қабылдау жалғасуда. Ол бойынша жыл сайын 10 мың талапкер қабылданады. Бұл кадрларды еңбек нарығының талабына сәйкес дайындауға мүмкіндік береді.

МЕНШІК ИЕСІ:
«Желтоқсан и К» ЖШС

Бас редактор
Сәрсенкүл Бәйдешқызы
БИҚОЖАЕВА

Бас редактордың орынбасары
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

Редакцияның мекен-жайы:

Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

Телефон: 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)
Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп
№14611-Г «7» қараша
2014 жылы куәлігі берілген.
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі
№1026-Г - 11.01.2000 ж.
Газет аптасына бір рет жарық көреді

ТАРАЛЫМЫ: 4000
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.
Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49
Таралу аумағы:
Қазақстан Республикасы
Тапсырыс

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Сурет сапасына редакция жауап бермейді

«МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ» МҮМКІНДІК БОЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың жастар жұмыссыздығын азайту және оларды әлеуметтендіру тапсырмасына сәйкес, облыс әкімдігінің ұйымдастыруымен «Мүмкіндіктер алаңы» іс-шарасы өтті.

Халықаралық жастар күні қарсаңында «Жастармен бірге» ұлттық онкүндігі аясында ұйымдастырылған іс-шарада облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов аталған бастаманың маңыздылығын атап өтті.

Сондай-ақ аймақта жастарды жан-жақты қолдауға бағытталған жұмыстар мен жаңа жобалар жалғасатынын жеткізді.

Іс-шарада Қызылорда қалалық «Мансап» орталығы, «AMANAT» партиясының, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының, «Аграрлық несие корпорациясы», «Отбасы банк», «Halyk bank» АҚ Қызылорда облыстық филиалдарының, Жастар денсаулығы орталығының мамандары өз салалары бойынша бағыт-бағдар, кеңес берді.

Бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне 40-қа жуық жергілікті жұмыс беруші мекеме өкілдері, 3 жоғары оқу орны мен 10 кәсіптік-техникалық білім беру ұйымының қабылдау комиссиялары қатысты.

Жастарға 36 мекемеден 222 бос жұмыс орны ұсынылды. Жәрмеңкеге 136 жұмыс іздеуші қатысып, 48-і жолдама алды.

Іс-шара соңындағы спорттық сайыстар мен мерекелік концертте жастар белсенділік танытты.

Айта кету керек өңірде аймақ басшысының тікелей қолдауымен жастарды әлеуметтік қолдауға бағытталған жобалар жүзеге асырылып келеді.

Облыста алғаш рет «Сыр жастары» өңірлік тұрғын үй бағдарламасы қабылданып, 60 жас отбасы жаңа пәтер иеленсе, 40 отбасы жыл соңына дейін қоныс тойын тойлайды деп күтілуде.

Бұдан бөлек жылдағы дәстүр бойынша мектеп бітіруші түлектерге 2024-2025 оқу жылына облыс әкімінің 100 оқу гранты тағайындалды.

Мемлекеттік қаржылық қолдау бағдарламасы арқылы несие портфелі 3,7 млрд. теңге болатын жас кәсіпкерлердің 130 жобасы субсидияланды.

Сондай-ақ 2,1 млрд. теңгеге жас кәсіпкерлердің 115 жобасы бойынша кепілдік шарты жасалды.

“Аграрлық несие корпорациясы” арқылы 48 жоба қаржыландырылды.

Алдағы уақытта «Мүмкіндіктер алаңы» жобасы қала, аудандарда тұрақты түрде ұйымдастырылады.

Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Ш.Байманов:

БІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ – АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРДА БОЛУ

Қызылорда қаласындағы “Абай аллеясында” Абай күніне орай «Мақсұтым - тіл ұстартып, өнер шашпақ...» атты облыстық байқаудың жеңімпаздарын марапаттауға арналған іс-шара өтті.

Облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов қатысушыларды атаулы күнмен құттықтады.

- «Біз Абай шығармаларынан елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын тілеулес болуды үйрендік. Өркендеудің негізі білім мен ғылымда екені анық. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін қалады.

Бұл тұжырымдар қазір де өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие. Себебі XXI ғасырдағы ғылымның мақсаты - биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу. Ал, біздің міндетіміз – осы ілгері көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатарда болу» - деді облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Асқарұлы.

Бұл байқауға Қызылорда қаласы мен аудандардан көркемсөз оқу және ән айту шеберлігін қатар меңгерген 16-35 жас аралығындағы талапкерлер қатысқан.

Олар Абай шығармаларын мәнерлеп жатқа оқу, «Абай жолы» романынан үзіндіні көркем шеберлікпен жатқа айту, Абай әндерін орындау бойынша сынға түскен болатын.

Байқау жүлдегерлеріне арнайы Алғыс хат, бағалы сыйлықтар табысталды.

Айта кету керек аймақта Абай күнін атап өтудің өңірлік іс-шаралар жоспары әзірленіп, 10-20 тамыз аралығында 200-ден астам танымдық шара ұйымдастырылады.

“СЫР БАРЫСЫ” – ЕЛАМАН ЕРҒАЛИЕВ

5 салмақ дәрежесі бойынша 270-тен астам сырбойылық палуандар күш сынасқан қазақ күресінен XV облыстық “Алтын белбеу” жарысы өз мәресіне жетті. Екі күнге созылған спорттық жарыс ел-жұртқа керемет көңіл-күй сыйлады. Сайдың тасындай іріктеліп, аудан намысын қорғап келген балуандар да жауапкершілікті сезіне білді. Бозкілемде бар өнерін салып, жеңіске деген жігер танытты.

Балуандар бәсекесінде көрермен қауым әр салмақтағы белдесулерден соң түйе палуандардың бәсекесіне куә болды. 12 спортшы бақ сынаған додада Айбек Серікбаев III орын иеленіп, «Сыр сұңқары» атанды.

Еламан Ерғалиев пен Мақсат Исағабылов ақтық сында бәсекеге түсіп, жеңісті Еламан Ерғалиев өз қанжығасына байлады. Осылайша, «Алтын белбеу» жарысының қорытындысымен 2024 жылдың «Сыр барысы» атағын Еламан Ерғалиев иеленді. Ал, күміс жүлде иегері Мақсат Исағабылов «Сыр арланы» деп танылды. “Сыр барысы” мен “Сыр арланы” алда өтетін «Қазақстан барысы» додасында аймақ намысын қорғайтын болады. Облыста балалар мен жасөспірімдерді, халықты

бұқаралық спортпен қамту бағытында жаңа спорттық нысандар көптеп бой көтеруде.

Статистикалық ақпараттарға сәйкес, халықтың спорттық нысандармен қамтылу деңгейі 44 пайызды құрады.

Халықтың сұранысына сәйкес облыс әкімінің бастамасымен Сырдарияның сол жағалауынан үстел теннисі орталығы, заманауи талаптарға толығымен сай келетін жаңа стадион құрылысы жүруде.

Сонымен қатар спорттық шаралар, ұлттық рухымызды асқақтататын ұлттық спорт түрлерінен түрлі шаралар легі қарқынды ұйымдастырылуда.

РОБОТ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР БАР...

Жеке сот орындаушылар бағытындағы басты жаңалықтың бірі Қазақстанда робот сот орындаушысы іске қосылды. ҚР Әділет министрлігі Республикалық ЖСО палатасымен бірлесіп, Тараз қаласында оңтайландырылған атқарушылық өндірісті енгізу бойынша пилоттық жобаны іске қосты.

Әділет департаментінің негізгі бағыттары – ұлттық заңнаманы қалыптастыру және зияткерлік меншік құқықтарын қорғау сондай-ақ халыққа мемлекеттік қызмет көрсету, болып табылады. Әділет органдарымен мемлекеттік қызметтің 12 түрі көрсетіледі. Заңды тұлғаларды тіркеу бағыты бойынша Әділет департаменті коммерциялық емес ұйымдарды тіркейді. Биыл облыс бойынша 46 заңды тұлға тіркелген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 22 пайызға азайғанын көрсетеді.

Әділет департаменті өзіне жүктелген міндеттерді орындауда ауқымды жұмыстар атқарып келеді. Қызмет барысында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына басымдық беріле отырылып, департаменттің жұмысы жоспарлы түрде жүргізілді. Заңды тұлғаларды тіркеу бағыты бойынша Әділет департаменті Коммерциялық емес ұйымдарды тіркейді. Биылғы жылы облыс бойынша 46 заңды тұлға тіркелді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 22 пайызға азайған. Департаменттің негізгі міндеттерінің бірі – заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру және құқықтық насихат саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру. Облыс бойынша адвокаттардың жалпы саны159 екен.

Әділет департаментімен 80 адвокатпен тегін заң көмегін көрсету туралы келісімдер жасалған.6679 азаматқа заңда көзделген жағдайларда тегін заң көмегі көрсетілді. Облыста 73 жеке сот орындаушы жұмыс жасайды, оның ішінде 14-і аудандарда, 59-і Қызылорда қаласында орналасқан.

Осыған дейін азаматтар өздеріне салынған айыппұлды уақытында өтей алмаған жағдайда, айыппұлдың 25%-ға дейінгі сомасын жеке сот орындаушыға төлеуге міндетті болатын. Енді бұл қызметті робот тегін атқарады. Жаңа жобаның арқасында азаматтар қаржысын үнемдейді. Бұл туралы Қызылорда өңірлік коммуникациялар қызмет алаңында өткен брифингте облыстық әділет департаментінің басшысы Ирина Жұмабайқызы мәлімдеді.

АПАТТАР МЕДИЦИНАСЫ ОРТАЛЫҒЫ - АППАТТАН САҚТАЙДЫ

«Апаттар медицинасы орталығы» мемлекеттік мекемесінің негізгі мақсаты күнделікті ақпараттарды жинақтап, облыс көлемінде төтенше жағдай кезінде халыққа жедел медициналық көмектің көрсетілуін қадағалау. Төтенше жағдай туралы ақпараттарды денсаулық сақтау басқармасына, Төтенше жағдай департаментінің «Бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызмет басқармасына», Республикалық «Апаттар медицинасы орталығына» жедел беріп отырады. Биыл бұл орталықтың құрылғанына 30 жыл толды. Осы жылдар аралығында ел-жұртпен етене байланыс жасап, қиналғанға көмек көрсеткен орталықтың филиал директоры өңірлік коммуникациялар қызмет алаңында брифинг берді.

Тәуліктің кез-келген уақытында орын алған жол көлік оқиғаларының және өзге төтенше жағдайлардың медициналық-санитариялық салдарларын жою кезінде шұғыл медициналық көмек көрсету, сондай-ақ ТМҚП-ға азаматтардың өздері жүгінген кезде шұғыл медициналық көмек көрсету – Апаттар медициналық орталығының міндеті. Қызылорда облысында осындай 3 трассалық медициналық құтқару пункттері ашылып жұмыс жасауда.

«Самара-Шымкент» тас жолының 1913 шақырымында Бәйгеқұм елді мекенінің тұсынан,

«Самара-Шымкент» тас жолының 1662 шақырымында Иіркөл елді мекенінің тұсынан, сондай-ақ, Әйтеке би елді мекенінің тұсынан «Әйтеке би» трассалық медициналық құтқару пунктері жұмыс жасап, оң нәтиже беруде.- дейді ҚР ТЖМ Апаттар медицинасы орталығы филиалының бөлім басшысы Нұрбол Сауытбаев Нұрбол Базарбайұлы.

ТАПСЫРМАЛАР ТИЯНАҚТЫ ОРЫНДАЛУЫ КЕРЕК

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес, облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов Қызылорда қаласындағы бірқатар нысанның жұмыс барысын бақылады.

Алдымен «Жан Арай» ЖШС агроиндустриялық кешенінің жұмысын көрді. Аталған кешен күріш өндірісімен, күріш жармасын халықаралық стандарттар бойынша өңдеумен, түйіршіктелген жем өндірумен айналысады. Мекеменің жем зауытының қуаттылығы тәулігіне 80 тонна, күріш өңдеу зауытының қуаттылығы тәулігіне 150 тонна. Сондай-ақ, 1500 тонналық жеміс сақтау қоймасы, сыйымдылығы 1120 тонна тоңазытқыш бар. Ет өңдеу және жем зауытында 200 адам жұмыс істейді.

Қызылорда қаласындағы жаңа ЖЭО құрылысында жер қазу жұмыстары аяқталды. Мұнда 600-ге жуық адам және 60 техника жұмылдырылған. Жұмыс жоспарға сәйкес жүруде. Нысан 2025 жылы пайдалануға беріледі. Бүгінде инвестор «AKSA Energy» түрік компаниясы құрылысқа 70 млрд. теңгеден астам инвестиция салды.

Одан кейін облыс әкімінің орынбасары «Қорқыт ата әуежайына» кіреберіс автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмысымен танысты. Мердігер «Қыран» ЖШС 13,5 шақырым жолды бір жылда салып бітіруді жоспарлаған. Төрт қабатты жол жабындысы төселген соң жарықшамдар мен аялдамалар орнатылуда.

- «Құрылыстың сапалы жүргізіліп, мерзімінде пайдалануға берілуін басты назарда ұстау керек”, - деді Б.Жаханов.

Сонымен қатар Сырдария өзенінің сол жағалауындағы “Жайлы мектеп” ұлттық жобасымен бой көтерген білім ордасының және жеті қабатты тұрғын үйлердің құрылыс барысы да сараланды.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен облыста 12 300 орынға арналған 21 мектеп салу жоспарланған. Биыл 6 900 орындық 10 мектеп, алдағы жылы 5 400 орындық 11 мектеп пайдалануға беріледі. Облыс әкімдігі оларға инфрақұрылым жеткізуге жергілікті бюджеттен 118,4 млн. теңге бөліп, жоба-сметалық құжаттары әзірленді, сараптаманың оң қорытындысы алынды. Инфрақұрылым жүргізуге жергілікті бюджеттен 1,7 млрд. теңге бөлініп, қазір 10 мектептегі құрылыс-монтаж жұмыстары толық аяқталды. Биыл құрылысы басталатын 11 мектептің жер телімдері белгіленіп, «Самұрық - Қазына Констракшн» акционерлік қоғамына наурыз айында табысталды.

Осы аумақта 84 пәтерлік жеті қабатты 6 тұрғын үй құрылысы жүргізілуде. Облыс әкімінің орынбасары жұмысты уақытылы аяқтауды тапсырды.

Өңірде соңғы 2 жылда 4 мыңға жуық пәтер табысталып,

17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілді. Биыл бюджеттен тұрғын үй құрылысына және жеке салушылардан дайын пәтерлер сатып алуға 34 млрд. 100 млн. теңге қаралды. Жыл қорытындысымен 2,5 мыңнан астам пәтер пайдалануға беріледі.

Сол жағалаудағы 350 орынға арналған заманауи үлгідегі Оқушылар сарайы

«ҚазГерМұнай» компаниясының демеушілігімен салынуда. Нысан биыл ел игілігіне табысталмақ. Сондай-ақ, үстел теннисі орталығының құрылыс жұмыстары назардан тыс қалмады. Мұнда тұрғындарға сапалы қызмет көрсетіліп, ресми жарыстарды, оқу-жаттығу процестерін толық ұйымдастыруға мүмкіндік жасалады.

ЖАҢАҚОРҒАНДА 7 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

Биыл Жаңақорған ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуында жоғары өсім бар. Мәселен, жартыжылдықтағы аудан бюджеті өткен жылмен салыстырғанда 5,5 млрд теңгеге өскен. Ал, ауданның өз кірістері жоспардан 17,5 пайызға артық орындалған. Сондай-ақ, аудандағы өнеркәсіп өнімдерін өндіру 48,4 пайызға, өңдеу өнеркәсібі 71,3 пайызға, негізгі капиталға салынған инвестицияның көлемі 56,1 пайызға артқан. Бұл туралы бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Жаңақорған ауданының әкімі Мәжит Самитов мәлімдеді.

– Бәріңізге белгілі, Жаңақорған ауданында ауыл шаруашылығы мен өндірісі қатар дамып келеді. Аудан экономикасының өркендеуіне зор үлес қосып отырған уран өндірісімен айналысатын кәсіпорындар мен қорғасын-мырыш кенін өндіретін «Шалқия Цинк ЛТД» АҚ-ы. Бұл кәсіпорындар заман талабына сай жаңа технологияларды қолданудың арқасында үлкен табыс әкеліп отыр. Биыл аудан бойынша 36 026 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Айта кету керек, жер асты суларын тиімді пайдалану арқылы тау беткейіндегі шаруашылықтар бақша егісінің көлемін едәуір арттырды. Оның ішінде қарбыз дақылының көлемі 1 500 гектарға жуықтады. Жиналған өнімдер еліміздің солтүстік өңірлері мен Ресейге жеткізілуде.Су үнемдейтін, жаңбырлатып суару технологиясын пайдаланып Қожакент ауылдық округіндегі «Береке» шаруа қожалығы 25 гектар жоңышқа, 18 гектар дәндік жүгері ексе, аудан бойынша 1 500 гектар күріш егілетін танап лазерлі тегістеуден өткізілді. Тағы бір жақсы жаңалық, биыл аудандағы ауыл шаруашылығы құрылымдарына 36 техника сатып алынды,- деді Мәжит Самитұлы.

Сонымен қатар Жаңақорғанда 2024-2028 жылдар аралығында 7 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Бұл жобалар толық іске асқан кезде 3 мыңнан аса жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

– Жеті жобаның үшеуі биыл іске қосылуда. Оның бірі – «Qaratau fruits» алма бағы. Жоба аясында 50 гектар жерге 65 мың түп алма ағашы классикалық әдіспен, 30 гектарға 75 мың түп алма ағашы интенсивті әдіспен егілген. Алма бақ толығымен тамшылатып суару технологиясымен жабдықталған және 28 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Осы жоба аясында «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автокөлік жолы бойынан 5 мың тонналық көкөніс сақтау қоймасын салу жоспарланған. Екінші жоба «Шалкия Минералс» ЖШС-нің минералды ұнтақтар өндірісі маусым айында іске қосылды. Бүгінгі таңда сынама өнімдер шығарылуда. Одан бөлек, «Абдуллаев Аманкелді атындағы зияткерлік мектебі» ЖШС-нің 400 орындық мектеп-интернатының құрылыс жұмыстары аяқталды. Қазіргі таңда қажетті қондырғы құралдармен жабдықталып, 1 қыркүйекте іске қосылып 50 адамды жұмыспен қамтитын болады,- деді Мәжит Самитұлы.

Сұрағым бар...

"ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ" БІЛІМ ГРАНТЫН ҚАЛАЙ АЛАДЫ?

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры талапкерлерге 850 білім беру грантын бөлді. Өтініштер 1 тамыз бен 17 аралығында қабылданады. Грант иегерлері қыркүйектің басында белгілі болады. Білім беру грантының иегерлеріне оқу ақысы мен шәкіртақы төленеді.

Грантқа үміткер: ҰБТ-дан қажет шекті балл алуы керек. Қаңтар, наурыз, негізгі және тамыз ҰБТ сертификаттарының бірін ұсынуға болады. Мемлекеттік немесе өзге да грант иеленбеуі керек; Жасы 29 - дан аспауы керек.

Конкурсқа ауылдық жерлердегі, шағын және моноқалалардағы жағдайы төмен отбасылардан шыққан тұлғалар; жетім балалар немесе кәмелетке толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар; мүгедектігі бар азаматтар; мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар; 2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде қаза тапқан азаматтардың балалары; 2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде жараланған балалар; төтенше жағдайлар кезінде қаза тапқан азаматтардың балалары қатыса алады.

Конкурсқа қатысу үшін 17 тамызға дейін, қоса алғанда жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына құжаттар тапсыру керек. Оқу орны құжаттарды қарап, ҰБТ нәтижесіне қарай білім беру гранты тағайындалатын үміткерлердің тізімін жасайды. Ал грант тағайындалатын талапкерлердің тізімін «Қазақстан халқына» қорының басқармасы бекітеді.

Конкурсқа қатысу үшін үміткер сауалнама-өтінімі, келісім-хат және білім беру гранты тағайындалатын санатқа тиесілі екенін растайтын **құжаттарды** ұсынуы қажет.

ҰБТ нәтижесі (түпнұсқа); үміктердің жеке куәлігінің көшірмесі керек.

Ауылдық жерлердегі, шағын және моноқалалардағы жағдайы төмен отбасыларынан шыққан тұлғалар: атаулы әлеуметтік көмек алатыны жөнінде анықтама не болмаса әлеуметтік көмек алушының анықтамасын (egov.kz-тен), ағымдағы жылға өзекті немесе аз қамтылған отбасы екенін растайтын анықтаманы әкімдік не жұмыспен қамту орталығынан алуға болады; Жалпы орта білім туралы аттестаттың көшірмесі де керек.

Жетім балалар, немесе кәмелетке толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар: ата-анасының қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі, немесе ата-анасының жоқтығын растайтын өзге де құжаттар, ата-ана құқықтарынан айыру туралы, шектеу туралы, хабар-ошарсыз кетті деп тану, оларды қайтыс болды деп жариялау, әрекетке қабілетсіз деп тану туралы сот шешімі; баланы патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарттың көшірмесін тапсыруы керек.

Мүгедектігі бар тұлғалар үшін үміткердің мүгедектігі туралы анықтама - медициналық әлеуметтік сараптамасы керек.

Мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан тұлғалар: үміткердің туу туралы куәлігінің көшірмесі және отбасы мүшесі қатарындағы мүгедектігі бар баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі; отбасындағы балалардың 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланың мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесін ұсынады;

Құжатттама негізінде жасалатын «Қазақстан халқына» қорының анықтамасын ұсынады:

2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде қаза тапқан азаматтарының балалары; 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде жараланған балалар; төтенше жағдайлар кезінде қаза тапқан азаматтардың балалары.

Құжаттардың көшірмесі куәландырылуы керек. Қор қажет болса қосымша құжаттарды сұрай алады.

Қаңтарда қаза тапқан азаматтардың балалары және қаңтарда жараланған балалар, төтенше жағдайлар кезінде қаза тапқан азаматтардың балалары үшін жеке шоттар ашылып, әрқайсына құжаттама жасалады. Құжаттамаға ену үшін qazaqstanhalqyna.kz арқылы atamekenim.kz платформасында келесі құжаттарды тіркеп, өтінім беруі керек: өтініш берушінің/баланың жеке куәлігі; ҚР азаматының қайтыс болғаны туралы куәлік/анықтама; қайтыс болған адаммен туыстығын растайтын құжат: баланың туу туралы куәлігі, қажет болған жағдайда дербес деректердің өзгеруі туралы анықтама.

Білім беру грантының иегерлеріне барлық оқу жылына **1 миллион теңгеге дейін** оқу ақысы төленеді. Білім гранттары 92 оқу орнына бөлінді.

Alikhan Bokeikhan University – 11; Astana IT University – 2; Esil University – 12; Азаматтық авиация академиясы – 2; Логистика және көлік академиясы – 5; Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясы – 9; Ақтөбе өңірлік университеті – 20; Алматы энергетика және байланыс университеті – 2; Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті – 5; Алматы Менеджмент Университеті – 10; Алматы технологиялық университеті – 10; Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты – 13; Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті – 25; С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті – 7; Баишев Университеті (Ақтөбе қаласы) – 3; С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті – 10; Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан университеті – 8; А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты – 6; Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті – 15; Еуразия технологиялық университеті – 3; «Нұр-Мүбәрак» Египет ислам мәдениеті университеті – 5; Қ.И.Сәтбаев атындағы Екібастұздық инженерлік-техникалық институты – 9; І. Жансүгіров атындағы университет – 7; Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті – 7; Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті – 5; М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті – 8; М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті – 12; Еуразия инновациялық университеті – 3; Қазақ спорт және туризм академиясы – 12; Л.Б. Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институты – 3; С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті – 8; Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті – 20; Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті – 5; Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті – 20; С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті – 25; Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті – 25; Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – 15; Қазақстан-Американдық еркін университеті – 5; Қазақ-Британ техникалық университеті – 3; Алматыдағы Қазақ-Неміс университеті – 2; Қазақстан-Ресей медициналық университеті – 4; Қазақстан Инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті – 5; Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері универсиеті – 14; Қазақ технология және бизнес университеті – 7; Қарағанды индустриалды университеті – 3; А. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті – 7; Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті – 15; Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті – 12; Каспий қоғамдық университеті – 3; Ш. Есенов атындағы Каспий технология и инжиниринг универсиететі – 10; А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті – 8; Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті – 9; М. Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті – 2; А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті – 25; Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті – 15; Астана медициналық университеті – 12; Қарағанды медициналық университеті – 5; Семей медициналық университеті – 5; ХҚТУ – 15; Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз инновациялық институты – 10; Халықаралық көлік-гуманитарлық университеті – 2; Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті – 10; Халықаралық білім беру корпорациясы – 14; Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті – 5; Халықаралық Астана университеті – 18; Павлодар педагогикалық университеті – 20; Рудный индустриалды институты – 3; М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті – 10; М.Х.Дулати Тараз өңірлік университеті – 21; Торайғыров университеті – 21; А. Қуатбеков атындағы халықтар достығы университеті – 5; СДУ – 10; Ж.А. Тәшенов атындағы университет – 5; Шәкәрім атындағы Семей университеті – 11; М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ – 15; К. Сағадиев атындағы халықаралық бизнес университеті – 5; НАРХОЗ Университеті – 14; «Тұран» университеті – 5; «Тұран-Астана» университеті – 8; Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті – 25; Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы – 10; М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті – 20; Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы – 5; Қазақ ұлттық өнер академиясы – 5; "Шабыт» Қазақ ұлттық өнер университеті – 7; Мәскеу авиациялық институтының «Восход» филиалы – 1; Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалы – 2; Зұлқарнай Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университеті – 2; Қызылорда ашық университеті – 2; «Bolashaq» академиясы – 2; «Q» University – 2;Атырау инженерлік-гуманитарлық институты – 2 грант бөлінген.

Стипендия төленеді. Барлық оқу жылына ай сайын 40 мың теңге шәкіртақы төленеді. Шәкіртақы жазғы демалысты қоспағанда 10 ай бойы беріледі.

Білім беру гранты бір рет беріледі. Бұл ретте екінші жоғары білім алуға жол берілмейді. Студенттің өзі оқуды жалғастырмауды қаласа; үлгерімі төмен болғаны үшін оқудан шығарылса; оқудың екінші жылына қалдырылса; күмәнді ақпарат, дәйексіз құжаттар ұсынса білім беру гранты тоқтатылады.

Студент **басқа оқу орнына ауысқан кезде** грант сақталуы мүмкін. Шешімді Қор Басқармасы қабылдайды. Академиялық демалыс уақытында, сондай-ақ академиялық ұтқырлық бойынша басқа елде оқу кезінде де сақталады.

Мемлекеттік білім грантын алған тұлғалар «Қазақстан халқына» қорының грантына **құжат тапсыра алмайды**. Мемлекеттік гранттан бас тартып, Қордың грант конкурсына қатысуға болмайды. Ақылы негізде оқуға құжат тапсыратын талапкерлер ғана қатыса алады. Олар грант нәтижесі шыққанша ректорға шартты түрде оқуға қабылдау туралы өтініш жазады.

Мамандықтар бойынша шектеу жоқ. Студент қазірдің өзінде «Қазақстан халқына» қоры грантының иегері болса, ол басқа факультетке ауыса алады және құжаттарды қайта тапсырудың қажеті жоқ.

Грант тағайындалатын **үміткерлердің тізімін** жоғары оқу орны жасайды және конкурстық комиссиясы отырысының хаттамасы ретінде рәсімделеді. Грант беріле тін талапкерлердің тізімін «Қазақстан халқына» қорының бассқармасы бекітеді. Бұл ретте Қор үміткердің бағдарлама критерийлеріне сәйкестігіне ғана қарайды.

Қор бөлетін гранттар өтеусіз, **қайтарымсыз көмек,** сондықтан грант иегерілеріне оқуын аяқтағаннан кейін оны өтеу міндетті емес.

Үміткер дәл биыл емес, осыған дейін **мектеп, не колледж бітірсе** де грант байқауына қатыса алады. Алайда жоғары білім алған үміткер тағы да жоғары оқу орнына түсіп жатса, онда ол байқауға қатыса алмайды.

Байқау шартында **оқу құны бойынша** шектеме бар. Қор әр студенттің 1 млн. теңгеге дейін жылдық оқу ақысын төлейді. Оқу ақысы одан көп болса, онда айырмашылықты студенттің өзі төлейді.

ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕР ЖАРНАНЫ ҚАЛАЙ ТӨЛЕЙДІ?

***Соңғы кездері өзге де міндетті** төлемдермен қатар, МӘМС-ке жарна төлеуі тиіс жеке кәсіпкерлерден түсетін сұрақтар жиіледі. Өтініштердің арасында ең көп қозғалатын тақырыптарға Қор мамандары түсіндірмелер әзірледі.*

2024 ЖЫЛЫ МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУҒА ЖК ҚАНША ТӨЛЕУІ ҚАЖЕТ?

Жеке кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын азаматтар өзге де әлеуметтік аударымдармен қатар МӘМС-ке белгіленген жарналарды төлейді. Жарна мөлшері ЕТЖ-нің 1,4-еселенген мөлшерінің 5%-ын құрайды, яғни 5% * (85 000 * 1,4) = 5 950 теңге (2024 жылы).

ЖК МӘМС-КЕ ЖҰМЫС БЕРУШІ РЕТІНДЕ ҚАЛАЙ ТӨЛЕЙДІ?

Егер жеке кәсіпкердің жалдамалы қызметкерлері болса, онда олар үшін келесідей мөлшерлерде төлеуі қажет:

- жұмыс берушінің есебінен қызметкерлердің жалақысының 3% мөлшерінде, бірақ 25 500 теңгеден аспайтын (10 ЕТЖ-ден, яғни 2024 жылы 850 000 теңге) аударымдар;

-қызметкерлердің жалақысының 2% мөлшерінде, бірақ қызметкердің табысы есебінен 17 000 теңгеден (10 ЕТЖ-дан) аспайтын жарналар.

Төлемді МӘМС-ке банктің кез келген бөлімшесі немесе мобильді қосымшасы, «Қазпошта» АҚ кассасы арқылы аударуға болады. Төлем мақсаттық коды (ТМК): аударымдар – 121, жарналар – 122.

ЖАЛДАМАЛЫ ҚЫЗМЕТКЕР БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ЖЕКЕ КӘСІПКЕР МӘМС-КЕ ЖАРНА ТӨЛЕЙ МЕ?

Иә, себебі бұны «МӘМС туралы» Заң талап етеді. (28-баптың 3 және 5-тармақтары). Яғни ол ЖК ретінде (5 950 теңге), сонымен қатар жалдамалы қызметкер ретіндегі жалақысының 2%-ы мөлшерінде жарна төлейді.

Жұмысы тоқтатылғаны немесе жұмыс істемейтіндігі (салық заңнамасына сәйкес) туралы ресми қаулы ғана ЖК ретінде жарна төлеуден босатады.

ЕГЕР МҮГЕДЕКТІГІ БАР БОЛСА, ЖК МӘМС-КЕ ЖАРНА ТӨЛЕУІ ҚАЖЕТ ПЕ?

Жоқ, өйткені ол жеңілдетілген санатқа енеді. Сондай-ақ ол 18 жасқа дейінгі балалар; зейнеткерлер, оның ішінде ҰОС қатысушылары мен мүгедектері; «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Батыр Ана» атағы, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордені бар көп балалы аналар; мектептерде, лицейлерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында, магистратурада күндізгі білім алушылар санаттарына енетін болса, ЖК жарналарын төлемейді.

ДЕКРЕТТЕГІ ЖК ӘЙЕЛДІҢ МӘМС ҮШІН АҚЫ ТӨЛЕУІ ҚАЖЕТ ПЕ?

«МӘМС туралы» Заңның 26-бабында мемлекет жарна төлейтін 15 санат айқындалған. Олардың қатарында үш жасқа дейінгі баланы/балаларды тәрбиелеп отырған **жұмыс істемейтін** адам (баланың заңды өкілдерінің бірі) бар. Аталған бапта жұмыс істемейтіндер ретінде **кәсіпкерлік немесе еңбек қызметін жүзеге асырмайтын және табысы жоқ адамдар** белгіленген.

Соған сәйкес қызметі ресми түрде тоқтатылмаған және жұмыс істеп тұрған ЖК бар декреттегі әйел жеңілдікті санатқа енбейді. Сондықтан МӘМС-ке жарна төлеуі тиіс.

Ол сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті ресми түрде жабуына немесе тоқтата тұруына болады. Бұл оған жеңілдік санатына енуге мүмкіндік береді.

ЖҮКТІ ӘЙЕЛ БАЛА ТУУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТӨЛЕМ АЛУ ҮШІН ЖК АШТЫ. НЕЛІКТЕН ОЛ МӘМС МӘРТЕБЕСІНЕН АЙЫРЫЛЫП ҚАЛДЫ?

Жұмыссыз әйел жүктілік бойынша есепке тұру кезінде «жұмыс істемейтін жүкті әйел» санаты бойынша жеңілдікке ие болады. Ол үшін жарналарды мемлекет төлейді және автоматты түрде сақтандырылады. Алайда, әйел ЖК тіркеген жағдайда, ресми түрде кәсіпкерлік қызметті бастағандықтан «жұмыс істемейтін азаматтар» санатынан шығарылады. Бұл жағдайда ол жеңілдік мәртебесінен айырылады.

ЖК ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙДІ, ЕШҚАНДАЙ КІРІС ЖОҚ. МҰНДАЙ ЖАҒДАЙДА ЖАРНА ТӨЛЕУ ҚАЖЕТ ПЕ?

Иә, МӘМС жүйесінде жарна төлеу міндеті жұмыс істеп тұрған ЖК болу фактісі бойынша туындайды және ол табысқа байланысты емес. **Салық есептілігін ұсынуды тоқтатқан немесе жұмыс істемейді деп** танылған *(ҚР Салық заңнамасына сәйкес)* ЖК жарна төлеуден босатылған.

ЖК ЖАРНАНЫ ЕСЕПТІК АЙДАН КЕЙІН ТӨЛЕЙ АЛА МА?

Жарналарды ай сайын да, алдағы кезең үшін де алдын-ала төлеуге болады. Егер сіз кейінірек төлесеңіз, онда берешек пайда болады және ЖК МӘМС-те мәртебесін жоғалтады. Сонымен қатар, Мемлекеттік кірістер органдары төлемді кешіктіргені үшін өсімпұл есептейді.

Төлем кезінде ЖСН, ТАӘ, төлем сомасын қатесіз көрсету маңызды, әйтпесе жарналар кері қайтарылуы мүмкін. 2-3 жұмыс күні ішінде қаражаттың кері қайтарылуын тексеріңіз.

ЕГЕР ЖЕКЕ КЛИНИКАЛАРҒА ЖҮГІНЕТІН БОЛСА, ЖК МӘМС ЖАРНАЛАРЫН ТӨЛЕМЕУІНЕ БОЛА МА?

Заң жеке кәсіпкерлерді бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдермен қатар МӘМС жарналарын төлеуге міндеттейді. Сондықтан жарналарды төлеуден бас тартуға болмайды.

МӘМС жүйесі жеке клиникаларда да қызмет көрсетуге мүмкіндік беретінін еске сала кетейік. Сонымен қатар, қазір мемлекеттік емханаларда медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігі мен сапасы айтарлықтай жақсарды. Көрсеткіштер болған жағдайда МӘМС бойынша бейінді мамандардың кеңесі, талдаулар, консультациялық-диагностикалық қызмет, жоспарлы емдеуге жатқызу қарастырылған. Бұл ретте алатын медициналық қызметтердің көлемі мен құнында шектеулер жоқ.

АЗАМАТ ЖЕКЕ КӘСІБІН ЖАПСА, МӘМС ЖАРНАЛАРЫН ТӨЛЕУДІ ТОҚТАТАДЫ МА?

Егер жеке кәсіпкердің қызметі толығымен тоқтатылса, онда азамат ЖК ретінде жарналарды төлемейді. Бірақ МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебесін сақтау үшін ол жарналарды дербес төлеуші ретінде төлей алады (2024 жылы ай сайын 4 250 теңгеден). Егер ол жалдамалы қызметкер болса, онда оның жұмыс берушісі жарналарды жалақының 2% мөлшерінде аударады.

«Жуас» клиникасының директоры Варлен Төрекеев:

АҚША ПАЦИЕНТТІҢ СОҢЫНАН ЖҮРЕДІ

Қызылорда облысында 82 жеке медициналық ұйым Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен келісімшарт жасасты. Олардың қатарында «Жуас» клиникасы да бар. Мұнда МӘМС аясында неврологиялық, кардиологиялық аурулар бойынша медициналық қызмет көрсетіледі. Медициналық ұйымның жұмысы жөнінде клиника директоры Варлен Төрекеевпен айтып берді.

- Варлен Әскербекұлы, сіздерге облыс орталығынан ғана емес, аудандардан да емделуге келеді. Сонда клиника көп адам қабылдауға қауқарлы болғаны ғой?

– Біздің клиника жұмысын бастағалы жиырма жылға жуықтады. Осы уақыт ішінде біздің медициналық ұйымда ем-дом қабылдайтын тұрақты пациенттер легі артты. Неврологиялық бөлімде де, кардиологиялық бөлімде де 20 төсек-орын бар. Бөлімдерге невролог Асхат Төлепов, кардиолог Шолпан Исабаева сияқты тәжірибелі дәрігерлер жетекшілік жасап жүр. Одан бөлек, 20 орынға арналған күндізгі стационар бар. Клиникадағы жалпы төсек-орын саны – 60. Пациенттер емхана жолдамасымен келеді. МӘМС жүйесі аясында дәрі-дәрмек, физиологиялық ем тегін, сонымен қатар үш мәрте тамақпен қамтамасыз етіледі.

– Пациенттер көбіне қандай диагноздармен жүгінеді?

– Мойын бөлігінің омыртқааралық дискісінің, ми тамырының зақымдалуы, ишемиялық кардиомиопатия секілді диагноздар жиі кездеседі. Клиника терапевтік бейінді болғандықтан күндізгі стационарға әртүрлі диагнозбен қабылдай береміз. Дене жаттығулары үшін арнайы жабдықталған кабинеттер бар. Жалпы, медициналық қызмет аясын біртіндеп кеңейтіп келеміз. ЭКГ холтерін, омыртқа жотасын созуға арналған аппарат және басқа да құрал-жабдықтар алу жоспарланып отыр.

– МӘМС жүйесі қолданыла бастағалы клиника жұмысында қандай өзгерістер байқалды?

- МӘМС-тің қағидаты – ақша пациенттің соңынан жүреді. Мұны біз өзіміздің жұмыс барысынан да көріп жүрміз. Медсақтандыру қаржысы әлеуметтік осал топтарына да бөлінетіні белгілі. Олар – балалар, жұмыс істемейтін аяғы ауыр әйелдер, студенттер, мүмкіндігі шектеулі жандар және тағы басқа. Олар біздің жақын-жуықтарымыздың арасында да бар. Сақтандырылған пациенттер медсақтандыру қорымен аталған қызмет түрлерін ұсыну жөнінде келісімшарт жасасқан кез келген клиниканы таңдауға құқылы. Олардың тұтынған қызметі үшін ақысы Қор есебінен аударылады. Бір пациент құны шамамен 150 мың теңге болатын ем ала алады. Оның құрамына дәрі-дәрмек, тамақ, медқызметкердің еңбекақысы, клиниканың коммуналдық төлемі кіреді. Демек, МӘМС жүйесі – денсаулық сақтау жүйесін дамыту, медқызмет сапасын арттырудағы басты серіктес. Бұл – өзіңнің және жақын адамдарыңның денсаулығы үшін салынған инвестиция. Біз өз кезегімізде пациенттердің денсаулығын түзетуге мүдделіміз.

– Пациенттерге айтар тілегіңіз болса...

– Өз өздеріңізге көмекшісіздер. Денсаулықтарыңызды жақсартуға жалғыз медициналық ұйым қызметкерлерінің күші жетпейді. Бірінші кезекте кез келген жерде тәртіп болуы тиіс. Өмір сүру салтында, эмоционалды жағдайда, тамақтануда. Медсақтандыру үшін төлем жасауда да солай. Егер сіз МӘМС үшін дербес төлеуші ретінде жарна төлеп отырсаңыз, 12 айдан кейін «сақтандырылған» мәртебесін аласыз. Сол сияқты денсаулықты күтуде де ағзаның жағдайын жақсартуға күш салу керек.

АҒАЛАР ЕСКЕ ТҮСКЕНДЕ...

Нұрғиса Тілендиев
(1925-1998)

Садықбек Адамбеков
(1922-2002)

Қалтай Мұхамеджанов
(1928-2001)

КҮЙ КОРОЛІ НҰРҒИСА

Аса сезімтал сазгер, күй өнерінің королі Нұрғиса Тілендиев ағамыздың рухына арнау

Өнермен өте
бауырдай,
Екпіні дүлей дауылдай,
Қос ішектен құйылған,
Күйлері нөсер
жауындай.

Ән, күй-оның ақ туы,
Басындағы бақ туы.
Алты алашқа әйгілі,
Нұрағаңның «Аққуы».

Әсерлі тым мәндері,
Сахнаның сәндері,
Нағыз таза лағылдай,
Нұрғисаның әндері...

Құстаймын қазір жаралы,
Аға, інің көкке қарады...
Менің де ұшып
үстімнен,
«Құстар қайтып
барады...»

ӘН ПАТШАСЫ-ШӘМШІ АҒА

Ұлтымыздың ұлы сазгері, вальс королі аталған аяулы ағамыз Шәмші Қалдаяқов рухына арнаймын.

Аяулы асыл анаға,
Арнағансың ән аға.
Сол бір нәзік әуенің,
Ой салды өте санаға...

Бұйырма деп айыпқа,
Арумен жүздің «Қайықта».
Шынайы пәк сезіммен,
Арнадың ән Жайыққа.

Барлық жерді барладың,
Аруларға ән арнадың...
Арыстан бастап жағалай,
Сырдың бойын шарладың...

Алатау-Алтай арасы
Елімнің дархан даласы...
Барынша ғашық әніңе,
Бар қазақтың баласы...

Арайлап талай ақ таңым,
Әніңмен білем атқанын...
Мен де қазір Шәмші аға,
Қаздар қайтар шақтамын.
Өткенмен өз «әндерім»
Жоймайтын мәңгі
мәндерін.
Ән патшасы-Шәмші аға,
Жүрегімде әндерің!...

Шәмші Қалдаяқов
(1930-1992)

Асқар Тоқмағанбетов
(1905-1983)

Шона Смаханұлы
(1924-1988)

Оспанхан Әубәкіров
(1934-1986))

САТИРА САҢЛАҒЫ САДЫҚБЕК АДАМБЕКОВ ЖАЙЛЫ

Сатираға емес жат адам,
Саңлағы еді-ау Садағаң.
Сын-сықақтың жебесін,
Нысанға тура қадаған.

САТИРА САЙЫПҚЫРАНЫ ОСПАНХАН ӘУБӘКІРОВ ЖАЙЛЫ

Десең қандай осы адам,
Орақ тілді Осағаң.
Өркөкірек озбырға,
Осағаң өте «ошаған».

Қиялдың «кенін қазатын»,
Нәзік жыр да жазатын...
Сөзіне жазған әндерді,
Орындап жүр қазағым...

ЖАЗУШЫ-ДРАМАТУРГ ҚАЛТАЙ МҰХАМЕДЖАНОВ ЖАЙЛЫ

Қалағаң-қазақ Қалтайы,
Алаштың асқар Алтайы.
Бізге қажет болмайтын,
Басқаның «шалтай-балтайы».

Астарлы сөздің алтыны,
Санаға тимес салқыны.
Халықтың әлі аузында,
Қалағаңның қалжыңы...

ҚЫРҒИ ТІЛДІ АҚЫН АСҚАР ТОҚМАҒАНБЕТОВ ЖАЙЛЫ

Батпай ішкен астары,
Қалт-құлт етіп бастары,
Сынаса тік тұратын,

Шенеуніктің шаштары.
Орақ тілді, отты ауыз,
Ол-Алаштың Асқары.

САТИРА САРДАРЫ ШОНА СМАХАНҰЛЫ ЖАЙЛЫ

Бір шумақпен бар жоғы,
Жұмыр болды жан-жағы.
Шона солай жазатын,
Сатираның сардары.

Саясаттың қыры көп...
Көрмеген ол «құлы» боп.
Кешегі кеңес кезінен,

Келді Смаханұлы боп.
Болғанда бір-ақ мектебім,
«Аюға» қалай беттедің?!
Азуынан қаймықпай,
Алматыдан жиырма үш,
Аштырдың қазақ мектебін,
Ақыным қалай текті едің!

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ
Қазақстан Журналистер Одағының,
Жазушылар одағы басқармасына қарасты
Қазақстан сықақшылары«Найзагер»
қауымдастығының мүшесі

СПОРТШЫЛАР СЕНІМДІ АҚТАДЫ МА?...

Бірінші раундты украин боксшысы әдеттегідей ашық шабуылмен бастады. Сериялық соққылардан сәтті қорғанған Нұрбек қарымта шабуылды ұмытпай, қорғаныста жүріп дәл соққыларын тигізе алды. Дегенмен бұл раунд 3:2 есебімен Хижняктың пайдасына аяқталды. Екінші раундта Нұрбек Оралбай жиі шабуылдап, қорғаныста жүріп те соққыларын тигізе білді. Хижняк болса жұдырықтасу мәнерін өзгертпестен, ашық шабуылдауын тоқтатқан жоқ. Төрешілер жеңісті бұл жолы 3:2 есебімен қазақ боксшысына берді. Ал шешуші үшінші раунд боксшылар ашық төбелеске барды десек артық айтпағанымыз. Қос боксшы үздіксіз соққылармен алмасып, тіпті Нұрбектің мұрныда қанады. Дегенмен дәрігер оған жекпе-жекті жалғастыруға рұқсат беріп, боксшылар раунд соңына дейін жұдырықтасып шықты. Нәтижесінде төрешілер жеңісті 3:2 есебімен Александр Хижняққа берді.

Олимпиада ойындары басталмас бұрын бокстан кем дегенде үш медаль жеңеміз деп топшылаған едік. Онымен қоса, теннистен де жүлдеден үмітті болдық. Себебі, құрама командада әлемнің төртінші ракетасы әрі Уимблдон турнирінің жеңімпазы Елена Рыбакина мен жақында ғана әлемнің бірінші ракетасын қапы қалдырған Юлия Путинцева бар еді. Алайда, жарыс жолына шығуға бір күн қалғанда екі теннисші де турнирге қатысудан бас тартты. Еліміздің бокстағы қауқары көпке белгілі. Біздің боксшылар Токиоға дейін ешқашан алтынсыз қайтпаған. Биылғы дүбірлі додаға да мен деген әлем чемпиондары мен жүлдегерлерді аттандырған едік. Десе де, нәтиже біз топшылағандай болмады. Фаворит санаған қос боксшымыз Қамшыбек Қоңқабаев пен Асланбек Шымбергенов алғашқы айналымнан-ақ «үйге» қайтты. Біртебірте олардың қатарына Айбек Оралбай, Махмұд Сабырхан, Сәкен Бибосынов пен Мұхаммедсабыр Базарбайұлы да қосылды.

Олимпиада дегенде қалың қазақ ең алдымен боксты еске алатыны сөзсіз. Өйткені, аталған спорт түрі бойынша нағыз мықты ел екенімізді дәлелдей алдық. 1996 жылы Атлантада өткен Олимпиадада Тәуелсіз ел болып алғашқы мәрте додаға түскеннен-ақ Василий Жиров жартылай ауыр салмақ дәрежесі бойынша кіл мықтыларды жарыстан шығарып, мойнына алтын таққан-ды. Сол сәттерден-ақ көп жасөспірімнің бокс спортына деген аңсары ауды, «Балқаштық жолбарыс» секілді олимп шыңын бағындырамын деушілердің қатары көбейді. Тек алтын иеленгенді айтқанымыз жөн болмас. Атлантада бокстан Қазақстан құрамасы бас-аяғы төрт медаль еншіледі. Дәлірек айтқанда, 51 келі салмақта Болат Жұмаділов күміс жүлдені, Болат Ниязымбетов 63,5 келінің, Ермахан Ибраимов 71 келі салмақтың қоласын еншіледі. Атланта олимпиадасынан кейінгі қазақ боксшыларының жетістіктері көпке аян. Одан бері Ермахан Ибраимов алтын қанжығалады, күтпеген жерден алаштың алтын баласы Бекзат Саттарханов та алтын әкелді. Ауыр салмақта беріспеген Мұхтархан Ділдәбековтің небір алып былғары қолғап шеберлерін атып ұрғаны әрқашан жадымызда. Әсіресе, 69 келі салмақ дәрежесінде өрендеріміз нағыз доминация жасады. Әлемде бұл дивизионда бізге ешкім тең келмеді. 2008 жылы Бейжіңде өткен байрақты бәсекеде Бақыт Сәрсекбаев, 2012 жылы Лондон олимпиадасында Серік Сәпиев, 2016 жылы Риода болған додада Данияр Елеусіновтің арқасында әнұранымыз әлемдік аренада шырқалды.

Бұның бәрін еске алуымыздың да өзіндік себебі бар. Соңғы екі олимпиадада боксшыларымыздың әлеуеті төмендеу болып тұр. Әрине, бізден бөлек елдер екі қолаға да қанағаттанар еді, бірақ та бұған дейінгі әлемдік, құрлықтық додаларда алтынсыз қайтпаған біз үшін бұл – төмен нәтиже. 2021 жылдан бері 3 жыл өтті. Осы аралықта кеткен қателіктерді жөндеп, Париж олимпиадасына спортшыларымыз тың дайындықпен барады деп үміттенгенбіз. Десек те, турнирдің алғашқы күндерінен-ақ жағымсыз жаңалықтарға куә болдық. Капитан ретінде үміт артқан Асланбек Шымбергенов, онымен қоймай, Токиода қола алды ғой, бұл жолы финалға дейін барады деген боксшымыз, Сыр өңірінің тумасы Қамшыбек Қоңқабаев алғашқы айналымнан-ақ сүрінді. Негізі екі жекпежекте де спортшыларымыз жеңіліс тапты деп толық айта алмаймыз. Бірақ, жеңді деуге де ауыз бармайды. Байқағанымыздай, спортшыларымыз екінші нөмірмен өнер көрсетудің зардабын тартып жатыр. 57 келі салмақта испандық боксшымен күш сынасқан Махмұд Сабырхан да қарсыласын қанша соққылағанмен, жеңіліске ұшырады. Қарсылас боксшы жақсы қорғана отыра, қарсы соққымен жақсы күтіп алып отырды. Ширек финалға шыққан боксшыларымыз Айбек Оралбай, Сәкен Бибосынов және 21-де жасындай жарқыраған Мұхаммедсабыр Базарбайұлы жартылай финалға өте алмады. Бұл жерде де жоғарыда атап өткендей мәселе. 3 раундта да нашар нәтиже көрсетіп, нақты жеңілді-ау дейтіндей болған жоқ. Головкин бастаған олимпиада комитеті бұл жөнінде халықаралық комитетке арыз-шағым да түсірді. Дегенмен, ол шағымнан ештеңе шықпайтыны анық, әрі кетсе төрешілер қызметінен айырылады. Боксшыларға айтылып жатқан сын көп.



Иә, расымен боксшылардың қимылы сылбыр көрінеді. Мүмкін, бокста бәсеке артып, өзге мемлекеттер де аталған спорт түріне көңіл бөліп жатқаннан жеңіс бұйырмай тұрған болар? Шынымен, бұрын соңды өзбек боксшыларынан жеңілеміз деген үш ұйықтасақ та түсімізге кірмейтін. Бүгін Өзбекстан құрамасының 5 боксшысы алтын алды. Олардың ішінде екеуі екі дүркін Олимпиада чепионы атанды. Олар 51 келіге дейінгі салмақта жұдырықтасатын Хасанбой Дусматов пен, 92+ жоғары салмақта жұдырықтасатын Бахадүр Жалолов. Өзбекстан құрамасы 8 алтын, 2 күміс,3 қола медалмен 13-і орында бәсекені аяқтады. Ең қызығы Олимпиадаға дайындалуға Өзбекстан құрамасына мемлекет тарапынан 160 млн. доллар бөлінсе, Қазақстан құрамасына 660 млн. доллар бөлінді. Бөлінген ақша қандай? Нәтиже қайда?

Бұған дейінгі біз білетін бокстағы бәсеке қазақ боксшылары мен кубалық боксшылар арасында болатын. Ал, бұл жолы Өзбектер бокстан алдымызды орап кетті. Бұған олимпиадада толықтай куә болдық, 2-3 жыл аралығында өткен құрлықаралық турнирлерде іштей сезіктеніп жүргенбіз.

Медаль мәселесіне келер болсақ, жүлде жеңуден ондыққа кіру бізге әзір бұйыра қоймағаны анық. Негізінде олимпиада шыңын бағындырып, жүлдеге қарық болғымыз келсе, әдеттегі бокс, күрес секілді жекпе-жекке ғана көңіл бөлмей, спорттың басқа түрлеріне де баланс ұстағанымыз абзал. Байқасаңыз, алғашқы үштікті әрқашан АҚШ, Қытай, Жапония немесе Ұлыбритания түгендейді. Бірақ, біз қашанда үздік үштіктен түспейтін бокстан алтын алған қытайлықты көрмейміз. Немесе, американдық дзюдошы алтын жүлдемен марапатталды деген жаңалықты әзір естімедік.

Біле білсеңіз, олимпиада ойындарында бір адам бірнеше жүлде жеңе алады. Жекелей сыннан бөлек топтық сындар да бар. Сонымен қатар жүзу, гимнастика секілді спорт түрлері әртүрлі тәртіп арқылы болады. Мәселен, әлемге аты әйгілі ұлы атлет Майкл Фелпс олимп шыңын 28 мәрте бағындырған. Бұл көрсеткіш бүкіл олимпиада тарихындағы Орта Азия мемлекеттерінің жетістіктерінің қосындысынан да көп. Биылғы додада жүзу спорты бойынша француз Леон Маршан жалғыз өзі төрт жүлде еншіледі. Сондай-ақ, Майкл Фелпс қойған, 16 жыл бойы бұзылмай келген 200 метр жүзу жарысынан рекорд орнатты. 2008 жылы Майкл Фелпс жалғыз өзі АҚШ-қа 8 алтын әкелді. Ал, біз ерлер арасындағы бокстан жеті салмақ дәрежесінде де алтын алсақ та, Фелпстің нәтижесіне жете алмайтын едік. Ойлана беріңіз…

Олимпиаданы құрама команда сәтті бастады. Алғашқы күні-ақ Елдос Сметов тарихи нәтиже тіркеп, дзюдодан 60 келі салмақ дәрежесінің жеңімпазы атанды. Ғұсман Қырғызбаев та қола иеленіп, қоржынға бір медаль сыйлады. Олимпиада бітпей, шорт кесіп спортшыларымызды жерден алып, жерге салғандар болды. Әркімнің өз шындығы бар дегендей, ешкім алғашқы айналымнан сүрінейін деп жарысқа бармайды. Әрқайсысы алтынды мұрат тұтып келеді. Алайда спортшы болғаннан кейін мінез де қатар жүру керектігі анық. Спортшыларымыздың жеңілгеннен кейінгі сөзі көптің талқысына түсті. Жеңіліске қандай факторлар әсер еткені жөнінде сөз етпей, «Құдайдың басқа салғаны» деген секілді фаталистік бағыттағы сөздер құдды ерік-жігердің жетіспеушілігін көрсететіндей. Өңірлік спортшылар биыл нәтиже көрсете алмады. Қамшыбектен бөлек дзюдодан қос балуанымыз да доданы алғашқы айналымнан тоқтатты. Нұрлыхан Шархан ширек финалда сүрінсе, Абылайхан Жұбаназар татамидегі бірінші белдесуінде жеңіліс тапты. Ал грек-рим күресінен 60 келі салмақта күрескен Айдос Сұлтанғали қырғыз балуаны Жоламан Шоршанбековтен жеңілді.

Олимпиада комитетіне басшылыққа келген Геннадий Головкин осы доданы қорытындылай отыра, жаңа реформалар жасайды, өзгерістер енгізеді деген үміттеміз...

Мұхаммедшах КАЮП

Кітапхана

НАЙМАН-АНА ЕСКЕРТКІШІ

Қабдеш ЖҰМАДІЛОВ
(хикаяттар)

IV

Соңғы айларда Найман ауылдарының мал-жанына ие болып, ішкі-сыртқы шаруасын өз қолына алған өжет келін Ақсұлу қоңыратқа құдалыққа баруға дайындала бастады. Ол заманда қыздың қалыңмалы - қырықжеті. Оған қосылатын: ілу, өлтірі, сүтақы, тоймалы, өлеңкәде деген бар, жиыны алпыс жылқының сорабы. Сол жылқыны алдарына салып, қыздың жыртыс, шашуы, шатыр-байғазы, тағы басқа киіт-ситтарын бір түйеге артып, қасына Елтай жиен бастаған ер-әйелі аралас бір топ адам ертіп, жолға шықты. Қоңыраттар бұл кезде Көкше теңіздің (Балқаштың) батыс терістігінде отыратын. Екі ара - атты кісіге бір апталық жол.

Сапарға аттанбас бұрын, Ақсұлу мен атасы Ақсопы арасында кәдімгідей ашық әңгіме болды. Ата-ененің алдында бұрын да өзін еркін ұстайтын Ақсұлу алдағы құдалықтың жай-жапсарын жасырмай ортаға салды. Дастархан басында атасы мен енесі және өзі – үшеуі ғана отырған.

- Көріп отырсыздар, басым қаралы, бетім жаралы. Өткен жылы құдаларыңыз найман елінің қырғын тапқанын білесіздер. Қас дұшпан елге тірек болып, Найман нәсілін жалғайтын ер-азаматтың бірін қалдырмай түгел харап қалды. Сол жолы батырдың жалғыз ұлы - менің күйеуім Тоқпан да қаза тауып, қара жамылып қалған менің түрім мынау. Ақсопының отбасын балаға толтырар келін мен едім, құдай оны да маған көп көрді. Менен бұйымтай сұрап отырсыңдар ғой, айтайын: мен сендерден бір бойжеткен қыз сұрап келдім. Бір елге ана боларлық, қадамы құтты келін керек. Келін емес, маған ене, қарт батырға ұрпақ сыйлайтын жар керек. Міне, менің бұйымтай-шаруам осы. Баяғыда атақты Шыңғыс хаған әулеті де қоңырат қызынан өніп-өскен екен. Құдай бірдеңе бере ме деп, мен де соны ырымдап келіп отырмын.

Айтқанының бәрі рас. «Мынау қалай» дейтін бір қоспасы жоқ. Жүйелі сөзге Тайлақ батыр бастатқан қоңыраттың игі жақсылары бірден жығылды.

«Ататай-ай» деген құлын дауысы мен қарт батырдың арыстандай ақырған айбарлы үні бірге шықты. Мұны, әрине, Таңшолпан бастатқан сыралғы қатындар жақсылыққа жорыды. Ал, осы хабарды жан-тәнімен зарыға күткен Ақсұлу: «А, құдай, ақсарыбас!» деп дауыстап жіберді.

Жаратушы ием көптің тілегін қабыл етті. Ауылдағы қатын-қалаш, малшы-жалшының қуанышында шек жоқ. Ертеңінде құрбандыққа ақсарыбас қой, көккасқа тай шалынды. Ауыл-аймақта ұлан-асыр той. Қызенейдің де көңілі көтеріңкі. Ел атынан жүктелген үлкен бір міндетті абыроймен атқарған жас келін жаңбырдан соңғы шұғанақ гүліндей үлбірей қалыпты. Тек, қарт батыр өткен түндегі жауапты шайқастан соң талықсып кеткен екен. Содан әлі ес жия алмай жатса керек. Ауылдағы естияр әйелдер көп ешкімге дабырламай, үстіне кім көрінгенді кіргізбей, картты өз ордасында оңаша күтімге алған.

Дәл қазір Ақсопы да бақытты еді. Иығынан бір батпан жүк түскендей мүлде жеңілденіп қалған. Тұлабойы қорғасындай балқып, тамыр-тамырында ыстық қан ойнап, рахаттанып жатыр. Тек, бір шаршау бар. Ол да ештеңе емес, осы бетінде өліп кетсе де тәңірге разы. Түбі қалай болады, ел-жұрттың үмітін ақтай алам ба, жоқ па деп қарт қатты қобалжыған. Құдай абырой берді, әйтеуір. Сыннан сүрінбей өтті. Жасында талай жекпе-жекте жауын жайратып, жеңіс қуанышын армансыз тойлап еді. Солардың бәрі мына соңғы жеңісінің қасында түкке тұрмай қалды. Ақырғы айқас, ақтық жеңіс... Ендігі тілек, сол енбегі зая кетпесе болғаны. Былай барлап қараса, бойдағы бар қуаты сарқылып, құр қаңқасы қалғандай. Ақырғы күш, ақтық қайрат жас арудың құшағында адырнадай тартылып, ұшқыр жебедей зулағаны есінде. Бар қуаты сонымен бірге кеткендей. Сол бір ләззатты сәт тағы бір рет қайталанса ғой, шіркін! Иә, Ақсопыда арман жоқ. Бір арманы - қан майданда қас дұшпанымнен айқасып өлмедім деуші еді. Оның орнына құдай бұған тоқсанға келген жасында жас арудың құшағын сыйлады. Жаратушы ием аманат жанын бүгін алса да разы.

Ақсопы да - Алланың сүйген құлы ғой, сол тілегі қабыл болды. Ол, осылайша бірнеше күн өзін бақытты сезініп жатты да, еш қиналмастан бақилық сапарға аттанып кетті. Қайғы мен қазаны бастарынан көп өткерген жұрт бұл өлімге бәлендей қайғырып та кетпеді.

- Батырдың арманы жоқ, - десті білетіндер. – Асарын асап, жасарын жасады. Ең соңғы сәтінің өзін ұрпаққа арнады. Құдай алдынан жарылқасын, артына береке берсін!

Тек, қырық жыл отасқан көзі тірі бәйбішесі Таңшолпан ғана дауыс айта жылап, батырды біраз жоқтады. Ол келіні Ақсұлуға бір оңашада:

- Ақсақалым әлі де болса ортамызда жүре тұратын ба еді, қайтер еді. Сендер қайдағы бір қиын шаруаға жегіп, түбіне жеттіндер ғой! -депті әзіл-шыны аралас.

Ақсопы-Ағанас батырды ел-жұрты жиналып, қазақтың бейбіт күндегі дәстүр-салтымен арулап жерледі. Бұл қоңыр күз болатын. «Келесі жазда, жайлау үстінде Ас беріледі» деп маңайдағы ағайынға, алыстағы құда-жекжатқа, Таңшолпанның төркіні - Арғындарға, Ақсұлу мен Қызенейдің төркіні - Қоңыратқа, іргелес отырған Керей мен Уаққа алдын ала сауын айтылды. Қаралы ту тігілді, аста сойылатын аттар тұлданды. Қазақ салтында ас тойдан гөрі салтанатты. Тойды әркім жасайды, ал сауын айтып, ас беретіндер некен-саяқ. Аста ат шабады, палуан күреседі, ақындар тіл безейді. Қазақта тойлар есте қалмай, астардың ел жадында сақталатыны содан. Ақсұлу, Таңшолпан бастатқан әйелдер бұл асқа да қапысыз дайындалды. Олар осынау ас салтанаты арқылы найман ұлысының құрып кетпегенін, әлі де жер бетінде жасап жатқанын көрсетулері керек еді.

Ақсопы әулиенің бір кереметі – оның асы, шынында да, тойға ұласты. Ас беретін мерзімге бір ай қалғанда, батырдың қазасынан кейін тура тоғыз ай, тоғыз күн дегенде, Қызеней шекесі торсықтай ұл тапты. Аналардың ақ тілеуімен дүниеге келген нағыз нысаналы ұрпақ. Сәбидің шілдеханасының өзі кішігірім тойға айналды. Баланы бесікке салып, ат қоярда әр алуан ұсыныстар болды. Біреулер:

- Батырдың тоқсан жасында туған бала ғой, атын Тоқсанбай қояйық!- десе, Таңшолпанның төркін-жұрты - Арғындар:

- Жездеміз осы баланың жолында өкіріп барып, өліп кетіпті дейді ғой. Мұның атын «Өкіреш» қояйық, - деп ажуаға айналдырды.

Қазір бұл төңіректе Ақсұлудың алдына шығып сөзін бұзатын ешкім қалмаған. Ол көпшіліктің лебізін тосып, бәрін мұқият тыңдап алды да:

- «Мысыққа ойын керек, тышқанға өлім керек» дегендей, бұл арада әзіл-қалжыңға орын жоқ. Біз бәріміз де батырдың артында бір белгі, тұяқ қалуын тілегенбіз. Атамның елге тұтқа болсын деп, артына қалдырған белгісі осы. Баланың аты - Белгібай болсын! - деді.

Орынды сөзге ешкім қарсы болған жоқ. Соңғы жылдары осы ауылды мекендеп қалған молда қолма-қол азан шақырып, нәрестеге «Белгібай» деп ат қойды. Алайда қылжақпас ағайынның қайсысының аузына қақпақ боласың. Баланың «Өкіреш» деген аты да жарысып, бірге атала берді.

Ақсопының асы өтерде, Белгібай қырқынан шығып, кәдімгідей ширап қалған-ды. Ас иесіз емес, жәй жесір қатындардың да тірлігі емес, оны Ақсопының артында қалған тұяғы осы Белгібай өткізіп жатқандай әсер қалдырды.

Ас ойдағыдай жақсы өтті. Астың көңілдегідей өтуіне, обалы қәнеки, құдалар жағы көп күш шығарды. Арғыннан - Таңшолпанның аға-бауырлары, Қоңыраттан - Ақсұлудың әкесі Тайлақ батыр бастаған игі жақсылар өздерінің жол-жорасымен астан жарым айдай бұрын келіп түскен. Асқа үй тігу, сойыс қамдау, әр ауылға бие байлатып, қымыз қорын жинау, сый-сияпат, бәйге белгілеу сияқты еркексіз шешілмейтін көп жұмыстарды сол құдалар атқарды. Асқа сол өңірде іргелес отырған Арғын-қарлық, керей, уақ, қосшы рулары түгел жиналды. Ас-су, тағам дегеніңіз мол болды. Ет тау боп үйіліп, қымыз өзен боп ақты. Бағы жанған палуандар мен ат шабыста озған сәйгүліктер тоғыз-тоғыздан бәйге алды. Бас-аяғы аптаға созылған астан тараған жұрт: “Шүкір, Найман елі бар екен, ұлыс орнында тұр екен, «Орнында бар оңалар» деген осы. Шіркін, ас болса осындай-ақ болсын» десіп, жүрген жерлеріне жайып бара жатты.

V

Әртүрлі көлденең жұмыстар қабаттасып, уақыттан тапшылық тартқан Барақ романның өзіне таныс қалған тарауларын жүремелдете, желе-жорта оқыды.

Ақсопы асынан кейін де арада он бес - он алты жылдай уақыт өткен. Күні кеше Қорасанға қой айтып, құдайдан зорға сұрап алған Белгібайдың өзі он алты жасқа толып, жә деген жігіт болды. Бұл аралықта ауылда болған өзгерістер де біршама. Ақсопының асы өткен соң, ағайын-жұрт жастай жесір қалған Қызенейді осы ауылдың мал-жанына ие боп жүрген Елтай жиенге қосқан-ды. Қазір олардың өзі бір үйлі жан болды.

Ешкімге мойын бұрмай, жесір отырып қалған Ақсұлу ғана. Іргелес рулардың небір бай-бағланы, мырзасы мен батыры араға кісі салып, көңіл білдіргенімен, жас жесір солардың бірде-біріне оң қабақ танытпады. Сөйтсек, Ақсұлудың да бір ойлағаны бар екен. Көкейде жүрген арманы, осы Найман еліне берешек мойнында жүрген қарызы бар екен, соны өтеуі керек. Ақсопы шаңырағын немереге толтыратын бір келін өзі еді, күйеуі Тоқпан жау қолынан қапыда мерт болды да, бала сүюге үлгермеді. Әменгерлік жолмен осы атаның бір азаматына тиіп-ақ алар еді. Ақсұлуды алатын ондай қайынаға, не қайын болмады ғой! Әйткенмен, күткен адам мұратқа жетеді екен. «Жас өспей ме, жарлы байымай ма» деген осы. Енді, міне, құдайға шүкір, Ақсұлудың да қайнысы бар. Қайнысы - емшектен шыға салысымен Таңшолпан әжесінің қолында өскен Белгібай. Ақсопының ұлы, Тоқпанның туған інісі. Ақсұлу осы баланың кәмелетке толып, ат жалын тартып мінуін сабыр сақтап, қанша жыл күтті десейші. Енесінің бауырында өскен Белгібайды бұл кішкентай күнінен қайнысы ретінде атын тергеп, «кенжем» деп атайтын. Енді, міне, сол кенжесі де ержетті. Қанша дегенмен, батырдың баласы емес пе, Белгібай он беске толмай жатып-ақ, бойы сорайып, қол-аяғы ұзарып шыға келген.

Мұндайда ақыл сұрап, алдынан өтем дейтін, ауылда үлкендер де қалмаған кез. Ескі көзден енесі Таңшолпан бәйбіше бар еді, өткен күзде ол кісі де қайтыс боп кетті. Ауылдың ендігі үлкені де, қожасы да - Ақсұлудың өзі. Биыл жасы – отыз жетіде. Мүшел жас екен-ау өзі. Жасы қырыққа ілінсе кеш болады. Сондықтан, ойға алған ісін кейінге қалдырмай орындауы керек. Ендігі жерде жақсылап сөйлесетін, іс мәнісін ұғындыратын адамы - Белгібай. Баланың тілі шыққанан-ақ Ақсұлу өзін «жеңеше» деп атауды үйреткен. Басында тілі келмей «жеше» деп жүрді да, кейін «жеңеше» деп толық айтатын болды. Сол жеңешесі бір күні Белгібайды оңаша шақырып алды да, әңгіме бастады.

- Кенжем, сен -қайны, мен – жеңгемін. Оны білесің ғой?

- Е, оны білмей не көрініпті? Сен соғыста өлген Тоқпан ағамның қатыны емессің бе? - деді мұрты тебендеп қалған бозбала әлі де шолжаңдап, еркін сөйлейтін әдетімен.

- Иә, дұрыс айтасың. Сол Тоқпан ағаң өлгелі, міне, биыл он сегіз жыл өтті. Онда мен жиырмаға да толмаған, жас келіншек едім. Соған қарамастан, мен неге байға тимедім? Соны білесің бе? - деді Ақсұлу күле тіл қатып.

- Кім білсін. Бәлкім, жөні түзу бай табылмаған шығар...

- Сыртта жүрген бай көп. Бірақ мен осы елдің келіні болған соң осы ауылдың еркегіне тиюім керек қой. Өйтуге мені алатын қайнаға, не қайын болмады. Білесің ғой, бәрі соғыста қаза болған. Жалғыз қайным сен болған соң, сенін ержеткеніңді күттім. Енді, міне, сен де ержетіп, келіншек алатын шаққа жеттің. Мен болсам, отырмын екі көзім төрт болып...

- Сонда, мен не істеуім керек? Сені алуым керек пе? – деді Белгібай біртүрлі абыржыған райда...

- Амал жоқ, аласың мені... Жесіріңді біреуге беріп қойып отырасың ба?! – деді Ақсұлу қайнысының сөзін қызық көріп.

- Бірақ сен менен үлкенсің ғой... Арамыз қанша жас өзі?

- Жиырма жас...

- Әне, көрдің бе, мен қырыққа келгенде, сен алпыстағы кемпір боласың.

Ақсұлу бозбаланың сөзіне ішегі қата күлді.

- Ақымақ бала, сен өмір бойы менің қасымда қалмайсың ғой. Қолымда екі-үш жыл тұрсаң болды. Кейін өзіңе әрі жас, әрі сұлу келіншек алып беремін.

- Алдамайсың ғой? Кейін сөзіңде тұрмай, маған мүлде жабысып алмайсын ба?

- Алдамаймын. Үш жылдай «жабысамын» да, сонан соң еркіне қоя беремін. Оған дейін маған бір бөпе сүйдірсең болғаны.

- Бөпе табатын - сен ғой, мен емес...

- Сол бөпені табуға бай керек боп тұрған жоқ па?! - деп Ақсұлу қайнысын құшақтап, екі бетінен алма-кезек сүйіп алды.

Ақсұлу өз байламын ауыл-аймаққа осыдан кейін ғана мәлім етті. Бәрі заңды, қазақ салтына да, шариғатқа да келіп тұр. «Мұның қалай» деп, ешкім де дау айта алған жоқ. Қайта, жөн білетін үлкен-кіші: «Қайтсын-ай, байғұс. «Аға өлсе, іні мұра» деп, ол осы бір сәтті тым ұзақ күтті ғой. «Сабыр түбі - сары алтын, сарғайған жетер мұратқа» деген осы!» деп тілектестік білдірді. Ел жайлауда отырған сайранды жаздың кезі еді. Ақсұлу шағын ғана той жасап, Белгібаймен қосылды.

Ақ ниетпен шын мінәжат етіп тілесең, Алланың рақымы көп екен ғой. Жыл уағына жетпей, Ақсұлу балпанақтай ұл тапты. Ауыл-аймақ жиналып, жаңа туған нәрестеге «Сүйініш» деп ат қойды. Ал енді күйеуге тиісімен Ақсұлудай арудың гүл-гүл жайнап құлпырғанын көрсең! Жаңбырдан соңғы құрақтай, баяғы көк балауса қалпына қайта келді. Жас күйеуге тиген неге жаман болсын, айналасы бірер жылдың ішінде жесірлікке кеткен есесін армансыз бір қайтарды-ау! Еркек ретінде Белгібайдын тұсауын өзі кесіп, алғашқы уыз дәмін өзі татты. Бұған оның қай жағынан да қақысы бар еді.

Сүйініш екі жасқа толған соң, Ақсұлу өзін тежей бастаған. Жесірлікке, таршылыққа үйренген басы осының өзін қанағат тұтып еді. Шүкір, кеш те болса жас күйеуге тиіп, торсық шеке ұл тапты. Өзге қатындар секілді, бұл да бесік тербетіп, алшайып отырып бала емізді. Осыны бойға құт санаған... Оның есесіне, күні кеше “алдамайсың ба, жабысып алмайсың ба” деп қауіптенген Белгібайдың өзі бұдан кететін түрі жоқ. Нағыз «жабысып алған» соның өзі болды. Әлі беті қайтпаған, жаңа ауызданған жас бөрі ғой, тойым жоқ, құмары бір қанбайды. Түні бойы ұйқы береді деген не?! Одан құтылудың басқа бір лажын қарастырмаса болатын емес. Ақыры оның да амалы табылды. Ақсопы әулетіне қазір не жетпейді десең, жаңа отау, жас ұрпақ жетіспейді ғой. Соны ойлаған Ақсұлу Белгібай жиырмаға шығарда оған бір емес, екі отауды қатар түсірді. Бір қызды - Арғыннан, екінші қызды - Керейден айттырған. «Ал, жігітім, күшін тасып тұрса, осыларға көрсет кереметіңді» деген ішінен. Обалы нешік, екі келін алма-кезек туып-ақ жатыр. Бірақ батырдың баласы сонда да бір қажымайды-ау! Келіндер ауыр аяқты боп қалғанда «жеңешетайлап», жем жеген жеріне келіп тұрады...

Жалғасы бар

БІР БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУ ҚАНША ТҰРАДЫ?

– Жылда мектеп формаларын тапсырыс арқылы және сатылымға қоюға тіреетінбіз. Биыл мектеп формасын тігіп жатқан жоқпыз. Былтыр 6500 форма тіктік, одан 1500-і қалды. Қазір сатылымда сол формалар бар. Бағасы 10 мың теңгеден. Қазір әр мектеп өз форма үлгілерін шығарып жатқандықтан біздің бұрынғы үлгідегі мектеп формасына сұраныс жоқ. Біздің ашуымызды да тудыратын осы мәселе. Ұсыныс айтатын болсақ, бірегей мектеп үлгісі болса, сол бұрынғы жабық көк түсті. Сол кезде баға да түседі. Қазір жаңа үлгідегі әр форма 28 мың теңгеден тігіледі. Бұл бағаны жұрттың қалтасы көтермейді. Ескі форманы сақтап қалған жөн, өзгертудің қажеті жоқ еді. Осы кезде форманың да бағасы тұрақталып, халықтың қалтасына ауыртпалық түспес еді, – деді тігін шеберханасының тігіншісі.

Сонымен қатар, биыл мата түрлері аз және бағасы күрт өсіп жатқандықтан тапсырыс берілген мектеп формалары уақытында дайын болмайтын көрінеді. Себебі жаңа үлгідегі мектеп формаларына тапсырыс көп екен.

Сондай-ақ, базарда сөмкелердің бағасы аспандап тұр, базар сыртындағы сауда нүктелерінің өзінде 5000 теңгеден саудалануда. Аяқ-киімнің құнына да айтарға сөз таппайсыз, ақшаңыз жетсе ең әдемісін, сапалысын алғанға не жетсін. Базарда балаларға арналған аяқ-киімдердің 5-6 мың теңгеден басталатын түр-түрін кезіктіресіз. Ал тігін шеберханаларынан кемі 28 мың теңге тұратын жаңа форманы алуға қаражаты жетпеген жандар базардан киінетіні айқын. Сонда бір үйдің бір баласына кемі 20500 теңге жұмсалады екен. Бұған тек оқу-құралдарын қоспағанның өзінде. Енді оқуға керек жабдықтардың бағасын бақылап көрейік.

Қаламыздың орталығында орналасқан базардың іші де, сырты да көздің жауын алатын, балалардың барлығын қызықтыратын оқу құралдарына толып тұр. Жалпы, базар тауарлары Қытай, Бішкек, Түркия, Ресейден әкелінген деп сатылатынын білеміз. Бізде сапасы артқан, ең мықтысы деп Түркиядан келгенін таңдайтынымыз тағы бар. Межелінде саудагердің алдамай сатып тұрғанына кім кепіл. Кәміл сендіріп, мақтап сатқан затына қызығып, балаға ұнаған соң аламыз да кетеміз. Базар сөрелерінде оқуға керек дәптерден бастап керек заттың бәрін таба аласыздар. Тек ең тиімді, көтерме бағада сататын жерден алсаңыз болғаны. Оқу құралдарын базардан басқа сауда орындары да сатады.

– Мен балаларыма керек оқу-құралдарын көтерме сауда орындарынан аламын. Төрт балам қатар мектепке баратын болғандықтан арзанынан, әрі сапалысынан таңдаймын. Және төрт балаға алғандықтан саудагермен де саудаласып, бағасын түсіріп алу ыңғайлы. Сондай-ақ, көтерме сауда дүкендерінде тауарлардың сапасы жақсы әрі сан түрін табуға болады. Қазір дәптерлерде өзгешелік бар, түрлі-түсті болып шығуда. Балалардың түсті айыруына көмектеседі. Біз түрлі-түсті дәптерлерді 30-35 теңгеден алдық. Қарандаш, қаламсап, сызғыш, өшіргіш, ұштағыш бағаларында биыл өзгеріс байқалмайды. Барлығын былтырғы бағада қайта сатып алдым. Ақ парақты қорабымен 3000 теңгеге алдық. Басқа да керек заттарды өз бағасынан түсіріп сатып алғанның өзінде 35 мың теңгеге жуық қаражат жұмсадым. Әлі кітаптары мен қосымша дәптерлерін сатып әперу керек, – дейді Карима есімді қала тұрғыны.

Иә, бір балаға мектеп киімі мен құралжабдықтарға кемінде 45-50 мың теңгедей қаржы жұмсалатыны белгілі болды. Бұл қаражатты қалтасы көтермейтін отбасылар да бар. Көпбалалы жандардың балалары бір форманы кезек-кезек, немесе былтырғысын киіп күн көреді. Әрине, жылына жаңа формаға қаражат қайдан табылсын. Қазір киімдермен қатар азық-түліктің өзін үнемдейтін заманға жеттік емес пе?

Облыста аз қамтылған және көпбалалы отбасылар аз емес. Жаңа оқу жылында көмек қолын созып, оқуға керек заттарын алып, таратын жаны жомарт жандарымыз да бар. Бірақ, бәрібір оқу шығыны ата-ана қалтасынан қаржы шығармай қоймайды. Сондықтан бала-шаға қамы үшін деп ата-аналар аптап ыстықта тынбай жұмыс істейді. Дегенмен тапқан ақшасы мына шарықтаған бағаны бағындырсын ба? Әйтеуір, базарда бәрі қымбат...

Мұхаммедшах МАРАТҰЛЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Қазалы ауданы аумағындағы ауыл шаруашылығы жерлерінен шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу жөніндегі қосымша хабарламаны тиісті облыс шегіндегі аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарында және орталық уәкілетті органдарының интернет-ресурсында жарияланған.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі №130 мекен-жайында орналасқан «Қазалы ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 16 қыркүйек сағат 9^{00} - дан бастап 2024жылдың 04қазан сағат 19^{00} - ге дейін қабылданады.

Конкурс өткізілетін орны Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі №130 мекен-жайындағы Қазалы ауданы әкімдігінің мәжіліс залы 2023 жылдың 07 қазан күні сағат 10^{00} - ден бастап өткізілетіндігін хабарлаймыз.

1) Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін - заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің - заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін - өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және рәсімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Байланыс телефоны: 8(72438) 79-2-80, ішкі нөмір: 6971

Мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

№	Жер учаскесінің орналасқан орыны	Жер учаскесінің көлемі, гектар	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер пайдалану құқығы	Топырақтың сипаттамасы	Алқаптардың құрамы	Судың болуы
1	*2*	*3*	*4*	*5*	*6*	*7*	*8*
1	Қазалы ауданы, Майлыбас ауылдық округі, «Кентүп» учаскесі	100	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 90,0 га Басқа алқаптары 10,0 га	Жоқ
2	Қазалы ауданы, Майлыбас ауылдық округі, «Қара түбек» учаскесі	100	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 90,0 га Басқа алқаптары 10,0 га	Жоқ
3	Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Таңжанқұдық, Аралқұдық» учаскесі	1000	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 900,0 га Басқа алқаптары 10,0 га	Жоқ
4	Қазалы ауданы, Ғ.Мұратбаев ауылдық округі, «Киікбай мен Қоянбай» учаскесі	50	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 45,0 га Басқа алқаптары 5,0 га	Бар
5	Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Талды құдық» учаскесі	800	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 720,0 га Басқа алқаптары 80,0 га	Жоқ
6	Қазалы ауданы, Майдакөл ауылдық округі, «Үйген құм» учаскесі	60	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 54,0 га Басқа алқаптары 6,0 га	Жоқ
7	Қазалы ауданы, Ғ.Мұратбаев ауылдық округі, «Қазан қойған» учаскесі	100	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 90,0 га Басқа алқаптары 10,0 га	Бар
8	Қазалы ауданы, Бозкөл ауылдық округі, «Тоқсан гектар» учаскесі	200	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 180,0 га Басқа алқаптары 20,0 га	Бар
9	Қазалы ауданы, Тасарық ауылдық округі, «Ізей бөгеті» учаскесі	50	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 45,0 га Басқа алқаптары 5,0 га	Бар
10	Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Көне Құмжиек» учаскесі	200	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 180,0 га Басқа алқаптары 20,0 га	Жоқ
11	Қазалы ауданы, Бозкөл ауылдық округі, «Тай кеткен» учаскесі	500	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 450,0 га Басқа алқаптары 50,0 га	Бар
12	Қазалы ауданы, Майлыбас ауылдық округі, «Игілік» учаскесі	800	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 720,0 га Басқа алқаптары 80,0 га	Жоқ
13	Қазалы ауданы, Майлыбас ауылдық округі, «Далда» учаскесі	50	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 45,0 га Басқа алқаптары 5,0 га	Жоқ
14	Қазалы ауданы, Ақжона ауылдық округі, «Сейтім» учаскесі	250	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 225,0 га Басқа алқаптары 25,0 га	Бар
15	Қазалы ауданы, Қарашенгел ауылдық округі, «Шитүбек» учаскесі	100	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 90,0 га Басқа алқаптары 10,0 га	Бар
16	Қазалы ауданы, Сарыкөл ауылдық округі, «Жеті там» учаскесі	50	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 45,0 га Басқа алқаптары 5,0 га	Бар
17	Қазалы ауданы, Қызылқұм ауылдық округі, Ажар елді мекені	250	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 225,0 га Басқа алқаптары 25,0 га	Жоқ
18	Қазалы ауданы, Шәкен ауылдық округі, «Тереңқұдық» учаскесі	400	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 360,0 га Басқа алқаптары 40,0 га	Жоқ
19	Қазалы ауданы, Бозкөл ауылдық округі, «Соқыр өзек» учаскесі	500	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 450,0 га Басқа алқаптары 50,0 га	Бар
20	Қазалы ауданы, Шәкен ауылдық округі, «Айбарша» учаскесі	500	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 450,0 га Басқа алқаптары 50,0 га	Жоқ
21	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, «Төртқұлақ» учаскесі	180	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 162,0 га Басқа алқаптары 18,0 га	Бар
22	Қазалы ауданы, Өркендеу ауылдық округі, «Шәйлікөл» учаскесі	100	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшінz	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 90,0 га Басқа алқаптары 10,0 га	Бар
23	Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Арал белгі» учаскесі	200	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 180,0 га Басқа алқаптары 20,0 га	Жоқ
24	Қазалы ауданы, Шәкен ауылдық округі, «Тауан» учаскесі	500	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 450,0 га Басқа алқаптары 50,0 га	Жоқ
25	Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Көкиірім» учаскесі	1000	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 900,0 га Басқа алқаптары 100,0 га	Жоқ
26	Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Мәдениет» учаскесі	100	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 90,0 га Басқа алқаптары 10,0 га	Жоқ
27	Қазалы ауданы, Ғ.Мұратбаев ауылдық округі, «Дауыл көл мен Шахкөз» учаскелерінің аралығы	100	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 90,0 га Басқа алқаптары 10,0 га	Бар
28	Қазалы ауданы, Майлыбас ауылдық округі, «Ызаның бұлағы» учаскесі	300	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 270,0 га Басқа алқаптары 30,0 га	Жоқ
29	Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Айнабұлақ» учаскесі	300	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 270,0 га Басқа алқаптары 30,0 га	Жоқ
30	Қазалы ауданы, Сарыкөл ауылдық округіне қарасты «Ізтілеубаз» учаскесі	1500	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 1350,0 га Басқа алқаптары 150,0 га	Бар
31	Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Сабынды бұлақ» учаскесі	500	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 450,0 га Басқа алқаптары 50,0 га	Жоқ
32	Қазалы ауданы, Шәкен ауылдық округі, «Сайқұдық» учаскесі	1500	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 1350,0 га Басқа алқаптары 150,0 га	Жоқ
33	Қазалы ауданы, Шәкен ауылдық округі, «Тышканбай» учаскесі	500	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 450,0 га Басқа алқаптары 50,0 га	Жоқ
	Барлығы	**12840**					

"Суреттер сөйлегенде"

ОЛИМПИАДА АЯҚТАЛДЫ...

Париж олимпиадасының жабылу салтанаты "Стад де Франс" стадионда өтті. Актер Том Круз стадионның төбесінен түсті

Актер Том Круз олимпиада жалауын мотоциклмен алып өтті

"Алтын жиһангер" менен бишілер қойылымы

АҚШ құрамасының спортшылары

"Ақшамның асханасы"

КӘДІНІҢ КЕРЕМЕТІ

Негізі біз оны жей бермейміз. Дәмі де жоқ сияқты. Содан да оған құмар емеспіз. Ал негізінде оны ыстықтай да, салқын қалпында да жеуге болады.

Мал етімен де, құс етімен де, көкөністермен де, теңіз өнімдерімен де қосып, тағам әзірлеуге болады.

Негізі кәдінің отаны – Оңтүстік Америка. Мексика мен Перуде қазба жұмыстарын жүргізгенде үш мың жылдан астам тарихы бар кәді тұқымы табылған. Солтүстік Америка тұрғындары да кәдіні жақсы көрген. Солтүстік американдық үнділердің негізгі ас мәзірі кәді, жүгері, соя дақылдары болғаны белгілі болған.

XVII ғасырда оны Еуропаға ботаникалық бақтарға сәндік өсімдік ретінде әкелген. Еуропалықтар оны жеуге болатынын бірден түсінбеген, дәмі тәтті тұқымы мен әдемі гүлін тағамға қосқан.

Әлі күнге дейін Француз және Италия асханаларында кәді гүлінен әзірленетін тағамдар сақталған. Кәді гүлдерін салаттарға, омлетке, сорпаға қосады. Фреш жасайды, клярда қуырады, пісіреді.

Тек XVII ғасырда ғана еуропалықтар кәді жей бастады. Ұнады. Содан Францияда, Провансыда бүгінгі күнге дейін танымал қызанақ, кәді, жуа, бұрыш қосылып жасалатын атақты рататуй дайындала бастады. Рататуйдың алғашқы дайындалуы 1778-шы жылға тиесілі екен.

Әрине француздар рататуймен мақтанады. Ал, бізге белгілісі, әрі дәмдісі - кәді икрасы. Оны КСРО деген алып елде 1930-шы жылдан дайындай бастаған.

Қорытуға жеңіл, дәмді, әрі бағасы да қымбат емес кәді икрасы заманында талай жаңды тоқ еткені анық. Әсіресе студенттердің сүйікті асы. Сүйікті асы дегеннен шығады, кезінде сол алып елдегі №1-ші адам болып, елді басқарған Н.Хрущевтің әйелі осы кәді икрасын қатты ұнатқан. Әйелінің жеңсік асынан Бас хатшы икра әзірлейтін жаңа консерві зауытын ашқан. Кәді икрасына ел тойсын деп.

Негізі кәді икрасын кім ойлап тапқаны белгісіз. Кейбір дерек көздеріне қарағанда XVII ғасырда өмір сүрген орыс шаруасы ойлап тапқан. Тағы бір дерек бойынша Ресейде тұрған француз. Ал, үшінші бір нұсқа бойынша өсімдіктерді зерттеп, кәдінің ең пайдалы көкөніс екенін орыс ғалымы П.Багратионов білген. Ол кәдінің қасиетін танып білгеннен кейін одан әртүрлі тағамдар әзірлеп, соңында осы икраға тоқтаған. Әрине, бұл қисынға келмейтін көрінеді. Өйткені ғалым зерттеуші XIX ғасырда өмір сүрген. Бұл кездері кәді икрасы танымал болып үлгірген.

Ең бастысы бұл емес...

Әлемде кәдінің 150 түрі бар екен. Өте жұмсақ Кавили деген түрін тіпті шикілей де жей беруге болады екен. Ал Искандер деген кәді де пісіп кеткен күннің өзінде де жеуге жарамды қалпын сақтайды.

Сондай-ақ түсі ашық, ұзын қауын іспеттес Ролик те қабығы қалың балғандықтан жақсы сақталады.

Формасы өзгелері де жетерлік. Патиссондардың еті қатты болатындықтан ыстық температураны жақсы көтереді.

Италияның Милан селекционерлері шығарған Цукини бізге де өте таныс. Салмағы 40 келілік алып қызғыш бананды біздің көрмегеніміз анық. Оның еті қауынға ұқсас. Кәдінің қарбызға, апельсинге, лимон мен бананға ұқсас түрлері де бар. Оларды солай қарбыз, апельсинка, лимонка, банан деп те атайды.

Жаңғақ сортында жаңғақ дәмі бар, ал Спагетти еті дайын макарон өнімі. Одан көкөніс лапшасын жасауға болады. Біздің үйренген кәдіміз қиярмен өте ұқсас. 1921-шы жылы 30 жыл бойы фермер болған АҚШ-тағы отбасылық жүп 981 келілік кәді өсірген.

Кәдінің ең жақсы жері салмақ тастауға таптырмас көкөніс. Өйткені ол адамды бірден тоқ етеді.

Кәдіде витаминдер жеткілікті. Мәселен, А витаминінің тәулікке қажетті дозасының 40 пайызы бар. Иммунитетті көтеруге, ағзаны тазартуға күшті дәрумен. Көздің көруін, жүрек қан тамырлары жұмысын жақсартады. Онда тіпті аскорбин қышқылы да бар. Тағамдағы темірді қорытуға, коллаген түзуге, әрі иммундық жүйені нықтауға көмектеседі.

Кәді құрамындағы бета каротин, тағы да басқа витаминдер, минералды қышқылдар ағзаны жасартады. Қартаюға кедергі жасайды. Ғалымдар тіпті обыр ауруына да ем дейді.

КӘДІ КАССЕРОЛЫ

Қажетті заттар: 6 цукини, 3 бас жуа, 2 жұмыртқа, 3 ас қасық сары май, 150-200 грамм иогурт, 80-100 грамм қатты ірімшік, 50 грамм крекер, шымшым тұз, бұрыш.

Дайындалуы: Американдықтар жақсы көретін бұл тағамды әзірлеу үшін цукиниді дөңгелекше етіп тураймыз. Жуаны да. Табада 1 ас қасық сары майды қыздырамыз, отты қаттырақ жағып, жуа мен цукиниді жұмсарғанша қуырамыз.

Жұмыртқаны иогуртпен араластырамыз. Цукиниды жуа қуырмашына қосамыз. Тұз, бұрыш саламыз. Пісіретін таба түбін сары маймен майлап, дайындаған қоспамызды құямыз. Қатты ірімшікті үгітіп үстіне саламыз.

Сары майдың қалғанын микроволновкіде ерітіп, үгітілген крекемен араластырамыз. Оның да үстіне ірімшік сеуіп, духовкіге 20 минут 180°С градуста пісіреміз.

ЦИКУНИ ПОПЛЕТТЕСІ

Каптама кептірілген нан, ірімшік, дәмдеуіш шөптер қосылып жасалатын италиялық фрикадельки десе де болады. Бұл фрикадельдіді қызанақпен бұқтырып, гарнир ретінде картоп, күріш, макаронмен береді.

Қажетті заттар:

2 кәді, 1 жұмыртқа, 2 тіс сарымсақ, 60 грамм каптама кептірілген нан, дәмдеуіш шөптер 120 грамм қатты ірімшік, шымшым тұз, қара бұрыш, 3 ас қасық зәйтүн майы, жүзім сүйегінің майы.

Каптама үшін: 1 жұмыртқа, 130 грамм каптама кептірілген нан.

Дайындалуы: Кәдіні кубик етіп тураймыз. Ұнтақталған сарымсақ, татымына қарай тұз, бұрыш қосамыз. Көкөністерді табада зәйтүн майымен бірге бұқтырамыз. Бөлінген суын төгіп тастап, майда етіп туралған дәмдеуіш шөптерді саламыз.

Суыған кәдіге қатты ірімшікті, жұмыртқа мен каптама кептірілген нанды қосамыз. Барлығын әбден араластырып, фрикадельки жасаймыз. Бөлек ыдыста жұмыртқаны жарып саламыз, екінші бір ыдыста каптама кептірілген нан саламыз. Содан кейін фрикадельканың әрқайсысын алдымен жұмыртқаға, содан соң каптама кептірілген нанға аунатып аламыз.

Майға қуырып аламыз, екі жағын да. Ыстықтай да, салқын қалпында да дастарханға қоя беруге болады.

КӘДІ СОРПАСЫ

Французтар езбе кәдіні жақсы көреді. Олар болькуржет деп атайтын тағам қайық формасынан гөрі себет түрінде дайындалады. Дөңгелекше кәдінің "қалпағын" қайырып алып тастаймыз да, ішіне дайындағандарымызды салып, духовкіде пісіреміз.

Қажетті заттар: 4 домалақ шағын цукини, 3 жуа, 2 тіс сарымсақ, 200 мл. қаймақ, 1 литр көкөніс сорпасы, дәміне қарай зәйтүн майы, бір шымшым тұз, қара бұрыш, дәміне қарай көк жуа, дәмдеуіш шөптер, шұжық.

Дайындалуы: Кәдінің қалпағын қайырып тастап, ішіндегі жұмсақ етін алып тастаймыз. Жуа мен сарымсақты майдалап турап, қуырып аламыз. Кәдінің жұмсақ етін кубик етіп тураймыз, жуа, сарымсақ қосып араластырып 5 минуттай қуырамыз. Кәді кубигінің бірнешеуін табадан алып қоямыз.

Сәбіз, жуа, сельдерей, тағы да басқа көкөністер қоспаға кез-келген сорпа дайындаймыз. Сорпаны сүзгіден өткізіп, табадағы кәдіге қосып, қаймақ саламыз. Барлығын әбден езгілеп, қайтадан шұңғыл ыдысқа салып, қыздырамыз. Бірақ қайнауға жақындағанда отты өшіреміз. Тұз, бұрыш себеміз. Шұжықты майдалап кесіп, қуырып аламыз. Сорпаны кәдіден жасалған кеселерге құямыз. Үстіне кәдінің жұмсақ етінің кубиктерін, дәмдеуіш шөптерді қосамыз.